

САРАПТАМА



ҚАЙ ПАРТИЯ
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ?

Германиядағы
парламент сайлауы:

2

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №11 (6573) 7 ақпан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ОҢ НӘТИЖЕЛЕР ДИНАМИКАСЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алмалы ауданы тұрғындарымен кездесті



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен биылғы алғашқы кездесуі Алмалы ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан келіп түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтты. Кездесу барысында тұрғындар жолдарды, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ
Алматының Алмалы ауданында биыл 12,5 км-ден астам арық жүйесі салынады. Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алмалы ауданы тұрғындарымен кездесу барысында жол инфрақұрылымын жаңарту және жолаушылар тасымалы сапасын арттыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Қала басшысының мәлімдеуінше, өткен жылы

ауданда 13,6 км болатын 15 көшеге орташа жөндеу жүргізілді. Биыл да осындай көлемде, яғни ұзындығы 11 км болатын 15 көше жөнделмек. Бұған қоса, 2024 жылы аудан әкімдігі ағымдағы жөндеу жұмыстары аясында 47 мың шаршы метр жол жабынын қалпына келтіріп, 8,9 км арық жүйесін салды. 2025 жылы тағы 25 мың шаршы метр жолды жөндеу және 12,5 км арық жүйесін салу жоспарланған.

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Американың сыртқы саясаты:

«НЕГІЗСІЗ ӘРІ ТИІМСІЗ!»

Трампп USAID жобасын қаржыландыруды тоқтатты



АҚШ президенті Д.Трампп билікке келмей тұрып-ақ, өзінің қатқыл әрі алдын ала болжау мүмкін емес мәлімдемелерімен танымал болған еді. Билікке ресми кіріскен сәттен бастап, ол алдымен АҚШ-ты Дүниежүзілік сауда ұйымынан шығару туралы бұйрыққа қол қойса, осы аптада Американың сыртқы саясатында әлем елдеріне гуманитарлық көмек көрсетумен айналысып келген USAID ұйымын қаржыландыруды тоқтату туралы бұйрыққа қол қойды. Бұл шешімнің негізгі себебі ретінде Америка халқының салығынан жиналған қаржының негізсіз әрі тиімсіз жұмсалуды көрсетілгенімен, аталмыш жобаның шынайы мақсаты мен мәні өзгеше болуы мүмкін. Мақаламызда Дж.Кеннеди билігі кезеңінен, яғни 1961 жылдан бері қызмет атқарып келе жатқан АҚШ-тың Халықаралық даму агенттігінің (USAID) Американың сыртқы саясатындағы ықпалы мен ролін талдап көрмекпіз.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы

7.02.2025

Түнде:
 -8-10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:
 +1+3 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертең тұман, жолдарда көктайғақ.

8.02.2025

Түнде:
 -6-8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:
 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

9.02.2025

Түнде:
 -6-8 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:
 0,+2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz



Коллажды жасаған Нұрболсын ӨРІСҮЛҒЫ.

ДӨНГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

Американың сыртқы саясаты:

«НЕГІЗСІЗ ӘРІ ТИІМСІЗ!»

Трампп USAID жобасын қаржыландыруды тоқтатты



(Дереккөз: www.caravan.kz)

(Басы 1-бетте)

Гуманитарлық көмек:
агенттіктің көксегені не?

Өткен ғасырдың екінші жартысындағы қырғиқабақ соғыс кезеңінде тәуелсіз агенттік ретінде құрылған USAID халықаралық гуманитарлық агенттігі әлемнің бірнеше аймағында белсенді жұмыс істеп келді. Агенттік сайтында көрсетілген ақпаратқа сәйкес, оның мақсаты – әлем елдеріндегі теңсіздікті жою, экономикалық қолдау көрсету, демократиялық институттардың қалыптасуына ықпал ету, аймақтық қақтығыстарды тиімді шешу және олардың алдын алу.

АҚШ-тың жаңадан сайланған президенті Д.Трамппың пікірінше, бұл агенттік АҚШ экономикасы үшін шығыннан басқа ешқандай пайда әкелмейді. Тіпті, белгілі инноватор, кәсіпкер және Трамп

әкімшілігінің белсенді мүшесі Илон Маск бұл агенттікті «қылмыстық ұйым» деп атады. Бұған дейін қаржылық есебі жабық күйінде қалып келген халықаралық гуманитарлық агенттіктің соңғы жылдары бөлген қаражаты Трамп билікке келген тұста бұқараға белгілі бола бастады.

Ақ үйдің мәліметінше, USAID агенттігінің кейбір функционалдық бағыттары Мемлекеттік департаментке беріліп, ол жеке гуманитарлық агенттік ретінде қызметін тоқтатын болады. Осыған байланысты тек АҚШ ішінде ғана емес, бүкіл әлемдік БАҚ-та USAID агенттігінің тиімділігіне қатысты пікірлер екіге жарылуда.

- АҚШ билігі USAID гуманитарлық агенттігі арқылы әлемнің 180 еліне 72 млрд АҚШ доллары көлемінде гуманитарлық көмек көрсет

теді. 2024 жылы USAID агенттігіне АҚШ бюджетінің 0,6% бөлінген.

- Апта басында ондаған USAID агенттігі менеджерлері мен әлем бойынша мыңдаған қызметкерлер мемлекет тарапынан қаржыландырудың тоқтатылуына байланысты жұмыстан шеттетілді.
- Халықаралық даму агенттігі (USAID), Қазақстанда «жалған ақпаратпен» күресуге 4,5 млн доллар бөлген.
- Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов сәрсенбіде өткен Парламент отырысында Ұлттық экономика және Әділет министрліктеріне еліміздегі USAID агенттігі жұмысына ауқымды аудит жасап, тексерістен өткізу бойынша депутаттық сауал жолдады.

USAID агенттігі:
соңғы 60 жылдағы жұмыс
нәтижесі қандай?

USAID агенттігінің қызметінің негізгі бағыты – дамуы кешеуілдеген елдер мен азаматтық қақтығыстар орын алған мемлекеттерді медициналық вакциналармен қамтамасыз ету және жаһандық эпидемиялардың тара

луын болдырмау. Сонымен қатар, агенттік қайырымдылық бағытта да белсенді қызмет атқарады. Мысалы, 2024 жылы USAID 3,32 миллион долларды қайырымдылық жобаларға бөлген.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде USAID агенттігінің бөлімдері Орталық Азия елдерінде жұмыс істей бастады. Америкалық саясаткер және заңгер Роберт Кеннеди-кіші Такер Карлсонға берген сұхбатында USAID агенттігінің Украинада Евромайданды қаржыландыруға 5 миллион доллар, Мысырда «қаржылық туризм» әлеуетін арттыруға 6 миллион доллар, Иракта саяси тұрақтылықты қалыптастыру үшін 20 миллион доллар бөлгенін айтты.

Қырғиқабақ соғыс жылдарында коммунистік блоктағы елдер мен АҚШ-тың одақтас мемлекеттеріне гуманитарлық, экономикалық және мәдени көмек беру мақсатында құрылған бұл ұйым соңғы жылдары Ақ үй мәліметінше, саяси ықпалын күшейтіп, Орталық барлау басқармасының (CIA) «құралына» айналған.

Орталық Азия аймағы:
USAID жұмысын тоқтатты

Орталық Азия елдерінде Халықаралық даму агенттігі

(USAID) соңғы отыз жыл бойы әлеуметтік, білім беру, медиа жобалар, денсаулық сақтау, сондай-ақ мемлекеттік басқару саласындағы түрлі бағдарламаларды жүзеге асырып келді, алайда бүгінде қызметін тоқтатты. Тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл аймақта USAID агенттігінің аясында жүздеген жобалар іске асырылғаны рас. Қазіргі уақытта бүкіл аймақта аталмыш агенттіктің қызметі құқықтық және экономикалық тұрғыдан бағаланып, тексерілуде. Дегенмен, Орталық Азияда АҚШ-тың ықпалы мен мүддесі төмендеп, бос қалған вакуумдық аймақта Ресей, Қытай немесе Еуропа елдерінің жобаларының ықпалы артатыны айқын болып отыр. Еліміз үшін басты мүдде – қазірден бастап кез келген шетелдік гуманитарлық қорлар мен агенттіктердің қызметін жіті назарда ұстау қажеттігі анық байқалып отыр.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы,
«Туран»
университеті.



БУНДЕСТАГ

Германиядағы парламент сайлауы:

ҚАЙ ПАРТИЯ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕДІ?

2024 жылы 27 желтоқсанда Германияның президенті Франк-Вальтер Штайнмайер Бундестагты тарату туралы мәлімдеді. Ол парламентті тарату ниеті бар екенін 20 желтоқсанда хабарлаған. Бір палаталы парламент сайлауы 2025 жылғы 23 ақпанға белгіленді. Сайлау қыркүйекте өтуі тиіс еді. Бірақ ішкі саяси дағдарысқа байланысты мерзімінен бұрын өтеді. Елдегі негізгі саяси күш деп саналатын парламент дағдарысқа ұшырады. Қазір саяси науқан қыза түскен. Кім жеңіске жететіні белгісіз. Десе де, жеңіске жету мүмкіндігі жоғары партиялар бар.

САЯСИ ДАҒДАРЫС
НЕДЕН ТУЫНДАДЫ?

Германия парламентінің даму тарихы ХХ ғасырдың бірінші жартысынан басталады. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталар тұста саяси белсенділік артып, заманауи партиялық жүйенің негізі қаланды. Содан бері парламенттік жүйе түрлі өзгеріске ұшырады. Саяси дағдарыстар да болды.

Дағдарыстардың басым бөлігі бірінші және Екінші дүниежүзілік соғыс аралығында орын алды. Сол аралықта радикалды солшыл саяси күштер халықтың ықпалына бөленіп, билікке келді. Ұлттық-социалистік неміс жұмысшы партиясы халықтың депрессивті көңіл күйін саяси мақсатта пайдаланып абсолютті билікті иеленді. Бірақ Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңіліс партия мен оның идеологиясын күйретті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияның заманауи парламенті қалыптаса бастады. Соғыстан кейін ұзақ жылдар бойы «Германияның христиан-демократиялық одағы»/Баварияның христиан-социалистік одағы» (ГХДО/БХСО) партиясы парламентте билеуші партия болды. 1949–1961 жылдардағы сайлауларда аталмыш партия жеңіске жетіп, Конрад Аденауэр федералды-канцлер қызметін ат

қарды. Ол Үкіметті басқарған тұста Германия ауыр дағдарыстан шығып, даму жолына түсті. Әлемнің дамыған елдерінің қатарына қосылу процесінің негізін К.Аденауэрдің жүзеге асырған реформалары қалады. Алайда, демократиялы елдер тектен-тек бір адам қатарынан екі реттен артық лауазымды қызметті атқаруға шектеу қоймаған. Ал ол қатарынан 4 рет канцлер болды. Бұл елді дағдарысқа алып келді.

1965 жылғы сайлауда аталмыш партия жеңіске жетіп, канцлерді тағайындады. Алайда, Л.Эрхард пен К.Кизингер партияны да, елдің экономикасын да дағдарыстан шығара алмады. Одан кейінгі кезеңде билеуші партиямен коалиция құрған «Германияның социал-демократиялық партиясы» (ГСП) мен «Еркін демократиялық партия» (ЕДП) сайлауда алма-кезек жеңіске жетті. Мұндай процесс 1983 жылға дейін жалғасты. Сол жылғы сайлауда «ГХДО/БХСО» партиясы билікке қайта келді. Олар қатарынан 4 сайлауда жеңіске жетіп, канцлерлік қызметті Г.Коль атқарды. Бұл аралықта партия ГСПД мен ЕДП партияларымен коалиция құрды. Алайда, Г.Коль К.Аденауэрдің тағдырын қайталады. Бір дағдарыстан елді шығарғанымен, келесі дағдарысқа жол ашып берді. Осылайша партия әлсіреп, 1998, 2002



(Дереккөз: Dw.com. Солдан оңға қарай: О.Шольц пен Ф.Мерц).

жылдардағы сайлауда ГСПД жеңіске жетті. ГСПД бұл аралықта «90 одағы/жасылдар» партиясымен коалиция құрды. 1990 жылдар мен 2000 жылдардың басында жасылдар партиясының ықпалды саяси күшке айналғанын байқауға болады. Жасылдар қозғалысы өткен ғасырдың 60–70 жылдары пайда болып, Чернобыльдегі АЭС жарылысынан кейін қалың бұқараға танымал бола бастады.

Дегенмен, ГСПД 2005 жылғы сайлауда ГХДО/БХСО-ға есе жіберді. 2021 жылға дейін қатарынан 4 сайлауда ГХДО/БХСО жеңіске жетті. Канцлер қызметін ұзақ жылдар бойы бізге есімі таныс А.Меркель атқарды. Бірақ ол да К.Аденауэр мен Г.Кольдің тағдырын қайталады. Мұның нәтижесінде партия ішіндегі дағдарыс тұтас жүйеге кері әсер етті. Бұл әлсіздікті өзге бәсекелес партиялар пайдаланып кетті. Осылайша 2021 жылғы сайлауда ГСПД жеңіске жетіп, ЕДП

мен «90 одағы/жасылдар» партияларымен коалиция құрды.

Біз Германиядағы парламентаризм тарихына бекер тоқталмадық. Онда қазіргі саяси дағдарыстың себебін анықтауға болады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі парламентаризм тарихын елдегі ықпалды саяси күш ГХДО/БХСО партиясының бір кезеңде күшейіп, одан кейінгі уақытта әлсіреу тарихы деп атауға болады. Яғни толқын тәрізді саяси цикл бойынша жүйе дамып келеді. Аталмыш партия күшейген немесе әлсіреген тұста мемлекетте саяси дағдарыс міндетті түрде болады.

ГХДО/БХСО ҚАЙТАДАН
БИЛІККЕ КЕЛУІ МҮМКІН

Германияның саяси жүйесінің ерекшелігі онда көппартиялық жүйе орныққан. Жалғыз көшбасшы партия жоқ. Терезесі тең партиялар еркін, әрі әділ бәсекеге түседі. Бұл саяси бәсекеге жол ашады. Алайда,

зандар мен шешімдерді қабылдау ұзаққа созылады. Дегенмен, Германияда қалыптасқан партиялық жүйенің кемшілігінен гөрі артықшылығы көп.

Сонымен, 23 ақпанда өтетін сайлауда қай партия жеңіске жетуі мүмкін? Бұл маңызды сұрақ. Себебі, парламентте басымдыққа ие партия Үкімет басшысы Федеральды канцлердің кім болатынын айқындайды. Біз жоғарыда бұл сұраққа жауап бердік.

Жоғарыдағы парламентаризм тарихындағы логикаға сүйенсек ГХДО/БХСО партиясының қайта билікке келу мүмкіндігі жоғары. Себебі, ГСПД басқарған коалиция бөлініп кетті. Партия көшбасшысы О.Шольц «90 одағы/жасылдар» партиясымен араздасқан. Ал ЕДП-ның жеке саяси амбициясы бар. 2021 жылғы сайлауда үш партия күш біріктіріп жеңіске жеткен еді. Енді араларындағы кикілжің ГХДО/БХСО партиясының жеңіске жету мүмкіндігін арттыруда. Түрлі әлеуметтік сауалнама нәтижелері де аталмыш партияның басым екенін көрсетуде. Оның үстіне партияның атынан канцлер болуға үміткер Фридрих Мерцтің қоғамда беделі жоғары. Өйткені, елге сырттан келетін миграцияны шектеуді ұсынып отыр. Жалпы, оқшаулану процесі тек АҚШ-та ғана емес, Еуроодақтың ықпалды мүшесі Германияда да жылдам жүруде.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ЛОГИСТИКАЛЫҚ ХАБ

МАҢЫЗДЫ КӨЛІК ТОРАБЫ

Елімізде теміржол инфрақұрылымы бойынша ірі жобалар іске асырылып жатыр



2024 жылы Қазақстанның теміржол машина жасау саласы бұрын-соңды болмаған өндіріс көлеміне қол жеткізді. Зауыттар 124 локомотив, 2565 жүк вагоны және 122 жолаушы вагонын жасап шығарды. Бұл жетістік елдің жылжымалы құрамын жаңартуға және сыртқы жеткізушілерге тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік берді.

Еліміздегі теміржолдардың ұзындығы 21 мың шақырымды құрайды. 2024 жылы сол жолдармен 21 миллионға жуық жолаушы мен 430 миллион тоннадан астам жүк тасымалданған. Соңғы 10 жылда Қазақстанда 600-ге жуық вагон жаңартылды. 2024 жылы 143 жаңа вагон, соның ішінде елімізде шығарылған вагондар пайдалануға берілді. Бұл «Қызылорда-Семей», «Астана-Көкшетау», «Павлодар-Алматы», «Павлодар-Түркістан», «Жезқазған-Алматы», «Ақтөбе-Атырау» және «Маңғыстау-Атырау» бағыттарында тасымалдау сапасын арттыруға мүмкіндік туғызды.

2025 жылы тағы 226 вагон беріледі деп күтілуде, бұл парктің тозу көрсеткішін 44-тен 38%-ға дейін төмендетіп, жолаушыларға қолайлы жағдай туғызады. Жаңа вагондар заманауи климаттық бақылау жүйелерімен, жақсартылған дыбыс окшаулауымен және ыңғайлы ұйықтайтын орындарымен жабдықталған. Бұл ел бойынша саяхаттау ыңғайлы болып, қызмет көрсету деңгейінің жақсарғанының дәлелі.

Алматы айналма теміржолы

Қазақстанда теміржол инфрақұрылымы бойынша бірнеше ірі жоба іске асырылып

жатыр. Соның бірі – Алматы станциясының айналма теміржол желісін салу. Бұл жоба қаладағы жүк пойыздарының транзитін жақсартып, Алматыдағы теміржол инфрақұрылымына түсетін жүктемені азайтады. Жаңа айналма теміржол магистралі арқылы жүк тасымалы тиімділігін арттыру, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экологиялық жағдайды жақсарту көзделген. Жобаның мақсаты – Алматы станциясын айналып өтіп, «Жетіген – Қазыбек-Бек» жаңа теміржолына жүк ағынын қайта бағдарлау есебінен жүк жеткізу уақытын қысқарту. Ұзындығы 75 шақырым болатын жаңа желі «Қазыбек-Бек» станциясы мен «Жетіген» станциясын байланыстырады.

Сапар бастауы мен оралу нүктесі

Қала әкімдігінің коммуналдық меншігіне өткен «Алматы-1» және «Алматы-2» теміржол вокзалдары арқылы жолаушылар қалаған бағытына сапарға шығады. Алматы вокзалдары тек жолаушыларды тасымалдау нүктелері ғана емес, қаланың тарихымен және сәулетімен ерекшеленеді. Уақытпен үндескен мәдени орындарды бір жағынан – өткеннің куәсі, екінші жағынан – келешекке бастар қақпа деп атасақ та болады. «Алматы-электротранс» ЖШС «Алматы-2» теміржол вокзалының эксплуатация бойынша басшысы



Ерболат Бекболатұлының айтуынша, өткен жылы «Алматы-1» вокзалына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан, Қазақстан теміржолының басты транзиттік торабы жолаушыларға қажетті

барлық құрал-жабдықтардың барлығымен қамтамасыз етілген. Заманауи эскалаторлар, пандустар, кеңейтілген жерасты өткелдері, жаңа ақпараттық жүйелер – LED-экрандар орнатылған, ана мен бала бөлмелері, медпункт бар, бейнекамералармен қамтылған. Бұл жаңартулар қызмет көрсету сапасын арттырып, халықаралық стандарттарға жақындатады. Кеңес заманында салынған вокзал архитектурасы кеңістікті тиімді пайдаланып, үлкен жолаушылар ағынын қабылдауға лайықталған.

Спикердің айтуынша, қала вокзалдарымен тәулігіне шамамен 5 мың жолаушы жол жүреді. Бұл көрсеткіш жаз айларында 8 мың жолаушыға дейін көбейеді.

«Алматы-2» теміржол вокзалы – қаланың орталығында, туристер мен қала тұрғындарының негізгі сапарға шығатын орны. Ол өзінің тарихи сәулетімен, классикалық стилімен және ерекше атмосферасымен ерекшеленеді. Көптеген жолаушылар үшін «Алматы-2» вокзалы – сапардың бастауы немесе Алматыға оралу нүктесі болып қала бермек.

– *Биыл жазда нысанның ішкі бөлігіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Шатырын жаңартып, инженерлік желілерді ауыстырамыз. Қазіргі таңда жобалау-сметалық құжаттары дайындалып жатыр. Жайлылық деңгейін арттыру, сервис сапасын жақсарту мақсатында ІІД басқармасымен бірігіп камералар орнаттық. Тамақтану орындары, заманауи құту залдары, электронды билет сату жүйесін іске қостық. Бұл жаңғыртулар қаланың көлік жүйесін жеңілдетіп, жолаушыларға жайлы сапар ұсынуға мүмкіндік береді. Соңдай-ақ, жолаушылардың жолға дайындығын жеңілдетеді,* – дейді Ерболат Бекдаиров.

Бүгінде контейнермен жүк тасымалдау көлемі артты. 2024 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша Алматы жүк тасымалы басқармасы 18,4 млн тонна жүк тиеген. Бұл – 2023 жылдың деңгейінен 2,3 млн тоннаға немесе +14%-ға артық. Ағымдағы жылдың қаңтар айында МКҚК Алматы филиалында жүк тиеу 1,6 млн тоннаны құрады. Бұл өткен жылдың сәуірінен салыстырғанда, 323,9 мың тоннаға немесе +25%-ға артық. Айта кетейік, Алматы вокзалдары арқылы қалааралық бағыттармен қоса, «Алматы – Түркістан – Ташкент – Алматы», «Алматы – Қытай» бағыты бойынша туристік пойыздар қатынайды.

60 отандық кәсіпорында 8 мыңға жуық адам жұмыс істейді

Теміржол машина жасау көлік инфрақұрылымының дамуына ғана емес, сонымен қатар жұмыс орындарын құру арқылы

жұмыссыздықты азайтуға да әсер етеді. Саладағы 60 отандық кәсіпорында 8 мыңға жуық адам жұмыс істейді. 2024 жылы Астана, Қостанай және Екібастұз қалаларында 215 адамды жұмыспен қамтамасыз ететін жаңа өндіріс орындары ашылды.

Алдағы екі жылда Қазақстанда 3000 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік беретін 12 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Саладағы жұмысшылардың орташа жалақысы қазірдің өзінде 440 мың теңгені құрап, мамандарға сұраныс артып келеді. Салада шамамен, 3500 жаңа кадрлар қажеттілігі бар оларды даярлау 39 жоғары оқу орны мен 39 колледжде жүргізілуде.

Өткен жылы теміржол машина жасау саласына 23,2 млрд теңге инвестиция салынды. Жылжымалы құрамды өндіру көлемі 5 есе өсті. Бұл жаңа зауыттарды іске қосып, импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік берді. Көлік министрлігінің мәліметінше, 2024 жылы 1400 шақырым теміржол жөнделеді. Қазіргі уақытта 1100 шақырым жаңа жолдар (оның ішінде «Достық–Мойынтыда») салынуда, бұл учаскенің өткізу қабілетін 5 есеге арттырып, халықаралық транзитті жақсарттады. Алматы айналмалы теміржолы өңірдің теміржол желісіне түсетін жүктемені азайтады, ал «Дарбаза–Мақтаарал» оңтүстік өңірлерде жаңа көлік байланыстарын жасайды.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат
ШАРЛАПАЕВ,
ҚР Өнеркәсіп
және құрылыс
министрі:

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ
ЖАҢҒЫРТУ –
САЯХАТ ПЕН БИЗНЕСКЕ
ЖОЛ АШАДЫ

Қазақстанның теміржол саласы рекордтар жаңартып келеді. Өткен жылдың соңындағы 124 локомотив, 2565 жүк вагоны және 122 жолаушылар вагоны – бұл жай ғана сандар емес, ол экономикалық өсу, жаңа жұмыс орындары мен Қазақстандағы қуатты өндірісіміздің, соның ішінде тәуелсіздігіміздің тірегі. Бүгінде біз вагондар мен локомотивтердің рекордтық санын шығарып қана қоймай, отандық өнеркәсіптің болашағын құрудамыз. Бұл шаралардың барлығы қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған: жаңа вагондар азаматтарымызды тасымалдауды ыңғайлы етіп, жаңа зауыттар өңір тұрғындарын жұмыспен қамтамасыз етіп, ал инфрақұрылымды жаңғырту саяхат пен бизнес үшін көбірек мүмкіндіктер ашады.

Ербол МАГАЗОВ,
Алматы көлік
және
коммуникация
колледжінің
директоры:

ТЕМІРЖОЛ
МАМАНЫН
ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЙДЫ?

Теміржолшылар еліміздің экономикасы мен қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар халықты, тауарларды және жүктерді тиімді әрі қауіпсіз тасымалдау үшін жауапты. Қазақстанның кең ауқымды теміржол желісі бар, бұл ішкі және халықаралық тасымалдау үшін үлкен маңызға ие. Біздің колледж осы саланың үздік мамандарын даярлауға баса назар аударады. Теміржол көлігі ауыл шаруашылығы, өндіріс, экспорт және импорт сияқты маңызды салаларға қызмет көрсетіп қана қоймай, халықты жұмыспен қамтуға, инфрақұрылымды дамытуға және өңірлер арасындағы байланысты нығайтуға үлес қосады. Теміржолшы болу – бір күнде игерілетін кәсіп емес. Ол қажырлы еңбекті, тәжірибені, үздіксіз білім алуды талап етеді. Бірақ осы салада жұмыс істейтіндер өз мамандықтарына үлкен құрметпен қарайды. Бүгінгі таңда Қазақстанда теміржол саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Жаңа бағыттар ашылып, пойыздар жаңартылууда, қызмет көрсету сапасы жақсаруда. Мұның барлығы – теміржол мамандарының еңбегі.

Әзірлегендер
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Ернұр РЫСБАЙ

ЕҢБЕК АДАМЫ



Мейіржан ШАХХМЕТОВ,
тепловоз машинисі:

ЖАУАПТЫ ӘРІ ҚҰРМЕТТІ
МАМАНДЫҚ

Машинист болу – менің бала күнгі арманым еді. Теміржолға жақын жерде тұрғандықтан, пойыздарға қатты қызығатынымын. Жоғары сыныптарда осы мамандық туралы ізденіп, қай жерде оқуға болатынын зерттей бастадым. Ақыры Қазақ көлік және коммуникациялар академиясына түсіп, 2003–2008 жылдар аралығында осы саланы меңгердім.

Бәленбай мың тоннаны сүйретіп келе жатқан локомотивті басқару – үлкен жауапкершілікпен қатар, мақтаныш сезімін де сыйлайды. Пойыз жүргізгенде ерекше әсерге бөленесің. Мамандықтың жауапкершілігімен қатар өз қиындықтары да бар. Біз Алматы локомотив бригадалары негізінен, Сарыөзек немесе Алтынкөл бағытында жүреміз. Әр бригаданың өз аймағы бар. Мысалы, біз Алматыдан Сарыөзекке дейін 192 км жол жүреміз. Сарыөзекте арнайы демалыс үйлері бар, сол жерде тынығып, кейін қайтадан Алматыға қайтамыз. Жұмысты аяқтаған соң 16 сағат демалыс беріледі, содан кейін қайта шақырту түсуі мүмкін. Түнгі уақыт, жолға шығып кететін малдар немесе адамдар – бәрі машинистке стресс береді. Сондықтан әрқашан мұқият, сергек отыруымыз керек.

Бұл мамандықта ең бастысы – стреске төзімді болу. Кез келген төтенше жағдайға дайын болу қажет. Паникаға берілмей, көмекшіге нақты нұсқау беріп, қажет болса пойыз диспетчеріне, станция кезекшісіне хабарлау керек. Мен жүрген жерімде теміржол мамандығын, әсіресе, машинист жұмысын насихаттап жүремін. Бұл – өте қызықты мамандық. Күнделікті бірсарынды емес, әр күн жаңа оқиғалармен өтеді. Жалақысы да жақсы. Ең бастысы – мен өзімді бақытты маман ретінде сезінемін. Бала кезімнен армандаған мамандығымды игеріп, қазір сонымен айналысып жүрмін. Сондықтан бұл жұмысты таңдағанымға еш өкінбеймін.



Гүлназ УСПАНОВА, жолсерік:

ӨЗ ІСІНДІ СҮЙСЕҢ,
ЕШҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚ
КЕДЕРГІ БОЛА
АЛМАЙДЫ

Жолсеріктің басты міндеті – жолаушыларды сапалы қызметпен қамтамасыз ету, оларды жылы шыраймен қарсы алып, діндеген жеріне аман-есен жеткізу. Әрбір адам өз мамандығын жүрек қалауымен таңдауы керек. Бұл кәсіп маған ұнайды, өйткені әр сапар – жаңа адамдар, жаңа оқиғалар, жаңа әсерлер.

Жұмыста қиындықтар кездеседі. Тіпті, пойызда толғағы келген бір әйелді босандырған кезіміз болған. Ұзақ сапарлар, ауа райының қолайсыздығы, әртүрлі жолаушылар – бәрі де өз әсерін тигізеді. Жолда әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін, бірақ менің тәжірибемде төтенше жағдай орын алған емес. Қауіпсіздік – біздің басты қағидамыз. Әйел адамға бұл жұмыстың өзіндік қиындықтары бар. Көп күндік сапарлар отбасынан алыстататыны рас. Қазіргі уақытта балаларыңнан жыраққа кету – оңай емес. Сағынасың, уайымдайсың. Бірақ жұмыстың аты – жұмыс. Отбасың үшін, балаларың үшін еңбек ету керек. Сондықтан мен бұл кәсіпті сүйіп істеймін. Мамандығымды мақтан тұтамын. Теміржол – үлкен өмір мектебі, ал жолсерік – сол мектептің сенімді өкілі. Егер осы салаға келгісі келетін жастар болса, оларға айтарым: өз ісінді сүйсең, ешқандай қиындық кедергі бола алмайды.

ОҢ НӘТИЖЕЛЕР ДИНАМИКАСЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алмалы ауданы тұрғындарымен кездесті

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте)

«Тұрғындарға қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында әкімдік қоғамдық көлік паркін үнемі жаңартып отырады. 2024 жылы Алмалы ауданында автобустар саны 401-ден 523-ке дейін көбейді. Бұл төрт жаңа маршрут ашуға және 43 маршрутқа қосымша автобустар шығаруға мүмкіндік берді», – деді Ерболат Досаев.

Оның айтуынша, қоғамдық көліктің қолжетімділігін арттыру және дамыту мақсатында биыл қала бойынша тағы 800 жаңа автобус сатып алынып, қала аудандарына бөлінеді.

Алматы қаласының әкімі Алмалы ауданындағы инженерлік желілерді жаңғырту жөніндегі жоспарды айтты

2025 жылы Алматының Алмалы ауданында инженерлік инфрақұрылымды ауқымды жаңғырту жұмыстары жалғасады

Жылу желілерін жаңғырту:
30 жоба жүзеге асырылады

Мегаполис басшысы инженерлік желілерді жаңғырту жөніндегі жоспарлар туралы да айтты.

Алматыда инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бойынша ауқымды жұмыстар жалғасып келеді. 2024 жылы Алмалы ауданында ұзындығы 8,8 км жаңа су құбыры және көріз желілері салынды. Бұл 21 көшедегі 1037 абонентті сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Төле би көшесіндегі 1500 абонентті сумен қамтамасыз ететін сорғы станциясы реконструкциядан өтті. Ұзындығы 2,7 км жылу желілері де жаңартылды.

Биыл инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыс жалғасады. Ауданның 23 көшесінде қосымша 13,8 км су құбыры және көріз желілерінің құрылысы аяқталады. Сондай-ақ, 12,2 км жылу желілерін реконструкциялау бойынша 30 жоба іске асырылады. Инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бойынша жоспарлы жұмыстар тұрғындарды сапалы жылу, су және көріз жүйелерімен қамтамасыз етіп, өмір сүру жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Жалпы, Алматы қаласы бойынша әкім Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2025 жылы 260 км жаңа су құбыры және көріз желілерін салу, сондай-ақ 87 км қолданыстағы желілерді жаңғырту жоспарланған.

Алматының Алмалы ауданында жарықтандыру деңгейі 2025 жылы 100%-ға жетеді.

27 км-ден астам электр желісі
жаңартылады

Ерболат Досаев электрмен жабдықтау сапасын арттыруға қатысты жоспарды айтты.

Оның айтуынша, 2025 жылы ауданның жарықтандыру деңгейін 100%-ға жеткізу жоспарланып отыр. Тұрғындарды тұрақты электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылы Райымбек – Наурызбай батыр – Мәметова – Сейфуллин (1,3 км) көшелері мен Жамбыл – Әуезов – Абай – Розыбакиев (6,4 км) көшелері аумағында 7,7 км электр желісі жаңартылды. Сонымен қатар, 58,1 км ескі кабель желісі жаңғыртылып, 4,4 мыңнан астам шам ауыстырылды және 193 жарық баға-

насы орнатылды. Жалпы, 46 көше мен 185 аула қамтылды.

Қала басшысы биыл да желілерді жаңғырту жалғасатынын атап өтті. Жоспар бойынша 27,1 км электр желісі жаңартылып, 85 трансформаторлық қосалқы станция жөнделіп, 1 жаңа станция салынбақ. Сондай-ақ 4,5 мың шам жаңартылып, 58 км кабель желісі ауыстырылып, 483 жарық бағанасы орнатылады.

Ерболат Досаевтың айтуынша, 2022 жылы басталған электр желілерін жаңғырту бойынша жүйелі жұмыс қазірдің жемісін берді. Алмалы ауданындағы электр желілерінің тозу деңгейі 80%-дан 61%-ға дейін төмендеді.

Бюджет 27,8 млрд теңгеге
дейін артты

Алмалы ауданының бюджеті 2025 жылы 27,8 млрд теңгеге дейін артты. Алмалы ауданы тұрақты өсуді және әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динамикасын көрсетуді жалғастыруда. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесу барысында мәлімдеді.

Ерболат Досаевтың айтуынша, 2024 жылы құрылыс (+20,6%), көтерме сауда (+6,4%) және өңдеу өнеркәсібі (+1,6%) сияқты секторлардағы өсімнің арқасында ауданның қысқа мерзімді экономикалық индикаторы 6,8%-ға ұлғайды. Сондай-ақ, ауданда шағын және орта бизнес сенімді дамып келеді. Жұмыс істейтін ШОБ субъектілерінің саны 23%-ға өсіп, 71 мың бірлікке жетті, бұл 7,5 мың жаңа тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Жергілікті бюджетке 373 млрд теңге салықтар мен төлемдер түсті, бұл 2023 жылымен салыстырғанда, 27%-ға артық.

Серпінді экономикалық өсімнің арқасында Алмалы ауданының бюджеті 2024 жылы 17,8%-ға ұлғайып, 24,1 млрд теңгеге жетті, ал 2025 жылы ол тағы 13,3%-ға өседі. Осылайша 2025 жылы аудан бюджеті 27,8 млрд теңгені құрайды.

Жалпы, ағымдағы жылы қала экономикасына 2,2 трлн теңге тарту жоспарлануда. Еліміздің тарихында алғаш рет қалалық бюджет 2,2 трлн теңгеден асты. Даму бюджеті 2022 жылға қарай 2,2 есеге ұлғайып, 458 млрд теңгеге жетті.

Заманауи Оқушылар үйі

Алматыдағы Оқушылардың жаңа үйі күн сайын 400-ге дейін баланы оқытуға мүмкіндік береді.

«Жамбыл көшесі, 170 А мекенжайында жаңа, заманауи Оқушылар үйі салынды. 1951 жылы салынған ескі ғимараттың орнына. Оқушылардың жаңа үйі күн сайын 400 балаға дейін 2,5 есе көп білім беруге мүмкіндік береді. Орталықта қауіпсіздіктің, қолжетімділіктің және жарақтандырудың барлық стандарттарын ескере отырып, қолайлы жағдайлар жасалатын болады. Робототехника, IT, хореография, сурет салу, ойын алаңдары, амфитеатр және бассейн студиялары ашылады. Ашылу 2025 жылдың наурыз айына жоспарланған», – деді шаһар басшысы.

Сонымен қатар, Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша Мәуленов көшесіндегі жекеменшік балабақша ғимараты мемле-

кеттік меншікке қайтарылды. Ғимарат сейсмикалық күшейтумен жөнделіп, оның базасында 100 орынды жаңа балабақша ашылады. Жұмыстар осы жылдың маусым айында басталып, ашылуы 2026 жылдың соңына жоспарланған.

Ескі, тозығы жеткен ғимараттың орнына «Тастак» ш/а-да тағы 240 орынды жаңа балабақша салынады.

Алматының Алмалы ауданында қыркүйек айында тағы бір жайлы мектеп ашылады

Жайлы мектеп

Алматы қаласының әкімі әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтып берді.

«Біз білім беру инфрақұрылымын жақсарту бойынша, негізінен мектептерге қосымша құрылыстар салу және қазірдің өзінде салынған мектептерді жаңғырту есебінен белсенді жұмыс істеуді жалғастырамыз. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Райымбек даңғылы мен Әуезов көшесінің қиылысында 1,5 мың орынды жаңа мектептің құрылысы аяқталуда. Сәуір айында аяқталатын жұмыстар. Мектеп жаңа оқу жылының басында ашылады», – деп атап өтті әкім.

Сонымен қатар, 2024 жылдың шілдесінде 600 орынды №58 мектепке қосымша құрылыс басталды. Жұмыстарды аяқтау осы жылдың желтоқсан айына жоспарланған.

Биыл шілде айында №16 мектепке 300 орынды қосымша құрылыс басталады. Жұмыстарды 2026 жылдың 1 тоқсанында аяқтау жоспарлануда. Сондай-ақ, №134 және №135 мектептерді сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу жоспарланған. Жұмыс 2025 жылдың тамызында басталады. Бұдан басқа, №124 және №128 мектептерді реконструкциялауға және сейсмикалық күшейтуге жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Жобалауды аяқтау 2025 жылдың қыркүйегіне жоспарланған.

Еске салсақ, 2024 жылы сейсмикалық күшейтумен №136 мектеп ғимаратын күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды, жаңартылған мектеп өткен жылдың қыркүйек айында оқушыларға есігін айқара ашты. Алматыдағы №1 перзентхананың ескі корпусының орнында заманауи медициналық жабдықтары бар жаңа ғимарат пайда болады

Сапалы медициналық қызмет

Ерболат Досаев есептік кездесуде аудан тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсету мәселесінің оң шешімін тауып келе жатқанын айтты.

2025 жылдың наурыз айында №3 емхана ғимаратының күрделі жөндеуі аяқталады. Жөндеу жұмыстары аясында конструктивті элементтер қалпына келтіріліп, ішкі бөлмелер жаңғыртылады.

Қалалық Адам репродукциясы орталығының күрделі жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Биыл наурыз айында Жібек жолы, 124 мекенжайындағы ғимаратта жөндеу жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Төреқұлов көшесі, 73 мекенжайындағы ғимаратты жөндеу жұмыстары 2025 жылдың 2-тоқсанында бітеді.

«Ана мен баланың денсаулығын сақтау әрқашан әкімдік жұмысының басымдығы болып қала береді. 1937 жылы салынған №1

перзентхана ескірген және қазіргі стандартқа сәйкес келмейді. Жаңа ғимараттың дизайны аяқталып, 2025 жылдың маусымында сараптама басталуға тиіс. 2025 жылдың жазында ескі ғимаратты бұзып, оның орнына заманауи құрылғылармен жабдықталған жаңа ғимарат салынады. Бұл жұмыс 2026 жылдың соңында аяқталады», – деді Алматы әкімі.

Сонымен қатар, Өйтеке би мен Масанның көшесінің қиылысында орналасқан ескі қалалық ревматология орталығы ғимаратының орнына 500 адам қабылдауға арналған жаңа емхана салу көзделген. Жұмыс осы жылдың маусым айында басталып, 2026 жылдың мамыр айында аяқталмақ.

Айта кетейік, Алматы қаласы әкімінің тапсырмасымен 2024 жылы денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғыртуға бөлінген қаржы 26,3 млрд теңгеге, яғни 2,5 есе артты, ал 2025 жылы тағы 2,6 есе өсіп, 69,4 млрд теңгеге дейін жетеді.

«Халық қатысатын бюджет»:
45 жоба іске асырылады

2025 жылы Алмалы ауданында «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 45 жоба іске асырылатын болады.

Қала басшысы атап өткендей, 45 жобаның 23-і аула аумақтарын жөндеу, оларды көгалдандыру бойынша 4 жоба және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру және көгалдандыру бойынша 18 жоба. Қосымша 33 аула аумағын жөндеу үшін тағы 500 млн теңге бөлінді. Барлық абаттандыру жұмыстары осы жылдың сәуір-қазан айлары аралығында жүргізіледі.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылы ХҚБ аясында ауданда 52 жоба іске асырылып, 23 аула аумағына қосымша ағымдағы жөндеу жүргізілді. Үш жылдың ішінде Алматыда 39,1 млрд теңге сомасына 938 жоба іске асырылды. 2025 жылға ХҚБ бағдарламасына қала бюджетінде 17,1 млрд теңге қарастырылған.

2025 жылы Жібек жолы даңғылының жаяу жүргіншілер аймағы күрделі жөндеуден өтеді. Жібек жолы даңғылы «қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша жаңартылады.

Алматының Алмалы ауданында биыл Жібек жолы даңғылының жаяу жүргіншілер аймағы (Назарбаев даңғылынан Сейфуллин даңғылына дейін) «қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша жөндеуден өтеді. Сондай-ақ, Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры жанындағы сквер қайта жаңартылады. Алмалы ауданы – соңғы үш жылда ауқымды көркейту жұмыстары жүргізілген қаланың тарихи орталығы.

Маңызды жобалардың бірі – қала тұрғындарының сүйікті демалыс орны саналатын М.Мәметова мен Ө.Молдағұлова атындағы скверді қайта жаңарту. 2024 жылдың желтоқсанында негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Көгалдандыру мен гүлзарларды отырғызу 2025 жылдың көктеміне жоспарланған.

Қаланы көркейтуге бағытталған тағы бір ірі жоба – Сайран көлін көріктендіру. Былтыр желтоқсанында автосуару және сумен жабдықтау жүйесін жүргізу, электрмен жабдықтау және жарықтандыру кабельдерін тарту, сондай-ақ ағаштарды санитарлық мақсатта кесу жұмыстары аяқталды.

Биыл сәуір-мамыр айларында, күн жылынған соң кесіп тас төсеу, шағын сәулет нысандарын орнату және 200-ден астам ірі жөке ағашы мен басқа да жасыл желек отырғызу жоспарланып отыр.

Айта кету керек, Алмалы ауданындағы ең көп баратын жаяу жүргіншілер көшесі – Панфилов көшесі (күніне 10–15 мың адам) 2017 жылдан бері жөндеу көрмеген. 2024 жылдың қарашасында Қабанбай батыр көшесінен Жібек жолы даңғылына дейінгі бөлікті көркейту жобасы аяқталды. Жоба аясында жол бойы мен шағын сәулеттік нысандар жаңартылып, жасыл аймақ 20%-ға ұлғайтылып, көпжылдық бұталар отырғызылды.

Бұған қоса, осы айда Жібек жолы даңғылының жаяу жүргіншілер аймағын (Назарбаев даңғылынан Сейфуллин даңғылына дейін) «қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты бойынша күрделі жөндеуге және Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры жанындағы скверді қайта құруға ЖСҚ әзірлеу басталады. Бұл жұмыстар 2025 жылдың қараша айында аяқталады деп жоспарланған.



ҚАЛА ЖӘНЕ КӘСІП

Сержан ТОҚАЙ,
Jaňa Post компаниясының
негізін қалаушылардың бірі:



AI технологиясы шыққалы «Бір адамдық кәсіпорын» деген тақырып әлемде қатты талқыланып жатыр. Біздің қоғам да осыған баса назар аударса екен деймін. Жасанды сананың көмегімен мүмкіндіктеріміз зор көлемде кеңейді. Бір адам бір үлкен кәсіпорын аша алады. Мен қазақ жастарын жасанды сананы меңгеріп алып, өзінің барлық мәселесін шешуге шақырамын.

ЗАМАНАУИ ЛОГИСТИКА ӘЛЕМІ

Алматы жарқын идеяларды жүзеге асыратын жайлы қалаға айналды

Әдетте аймақтанушы сарапшылар Алматының еліміздегі және аймақтағы инвестиция ағымында маңызды рөл атқаратынына көбірек көңіл бөліп жатады. Ал ел жастары үшін Алматы жарқын идеяларды жүзеге асыратын сүйікті қала саналады. Сол үшін де кәсіпкерлікпен айналысып, табысты болашағын құрғысы келетін жастар әр өңірден жыл сайын Алматыға ағылады. Мұндай жастар біздің оқырмандар арасында да болары сөзсіз. Сол үшін осы әсем қалада тұрып, әлемге қанат қаққан, өз жобасын құрып, іскерлік табысқа жеткен жандардың тәжірибесін бөліскіміз келеді. Бүгін «Ақшамның» жаңа айдары – «Табыс формуласындағы» алғашқы кейіпкеріміз, брендті қоғамға танымал бола бастаған Jaňa Post компаниясының негізін қалаушылардың бірі – Сержан Тоқай өз тәжірибесімен бөліседі. Алматылық кәсіпкер шаһардың бизнеске қолайлы жағдайын өз жобасы негізінде баяндап берді.

– Jaňa Post қазір ел аумағынан тыс, шет елдерде де кеңейіп жатыр екен. Бұл жетістікке көмектескен қандай жана тәжірибелеріңізді айтар едіңіз?

– Қазір цифрлану дәуірі ғой, сондықтан кез келген табысты жұмысқа ең алдымен көмектесетін нәрсе, ол – дәстүрлі жұмысты цифрландыру. Бұл жұмыс өнімділігі мен сапасына саятындықтан қазіргі кез үшін өте маңызды. Және мақсат – сол арқылы үлкен масштабқа шығу. Екіншісі және маңызды бөлігі – білікті мамандармен жұмыс жасау. Біздің жобамыздың үлкенді-кішілі табысына осы екі негізгі нәрселер көмектесті деп айта аламын.

– Бұл жоба отандық қызмет өтеу саласына қандай жаңалықтар алып келді?

– Біздің жүзеге асырсақ деген мақсатымыз айқын. Яғни логистикада қабаттасқан күрделі жұмысты қысқартқымыз келеді. Сол арқылы қазақстандықтардың күнделікті өмірде бір нәрсе алу және оны бір жерге жіберу сынды жұмыстарына жеңілділік беру, тездету. Әрі біз мұны жасай алдық деп санаймыз. Заманауи логистика арқылы адамдарға мүмкіндік сыйлайды деп санаймын.

– Қазіргі кәсіпкерлік пен жана технологиялардың байланысы өте тығыз деген тұжырымға өз жобаларыңыз

негізінде қандай мысал келтіре аласыз? Алдағы уақытта қандай жаңалықтар енгізу жоспарларыңызда тұр?

– Тұрасын айтқанда, біз сол жаңа технологиялардың нәтижесіміз. IT технологиясы арқылы біз клиенттердің шаруасын жеңілдетіміз. Бұрын шекарада Қытай тауарын алу үшін тұрақтылық жоқ болатын, біз IT шешім бергеннен кейін қазір тауардың келуі 2 жылдан бұрынғымен салыстырғанда, 95%-ға дейін тұрақтанып қалды. Қытайдан Алматы қаласына дейін 4-5 мың шақырым жолды тұрақты түрде 1 апта ішінде жеткізе алатын деңгейге шықтық. Осыған ұқсас, алдағы уақытта да істейтін жұмысымыз адамдардың қажетін қанағаттандыратын деңгейде логистикалық қызмет көрсету. Ең бастысы – Қазақстан логистика саласын цифрландыру. Қазір біз бұл мақсатымызды 20–30%-ға ғана орындай алдық, алда логистикалық цифрландыру жүргізуді 70–80%-ға жеткізуді жоспарлап отырмыз. Әрі осы бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Қазір елімізден тыс Орта Азияның Өзбекстан, Қырғызстан елдеріне дейін филиалдар ашып кеңейдік. Ал орта мерзімді жоспарымызда Тәжікстан, Моңғолия, Әзербайжан және мүмкін болса Еуропаға шығу жоспарымыз бар. Бұл жоспарымызды Тәжікстаннан бастап белгілі деңгейде орындап жатырмыз. Биыл Кавказ аймағына да жол ашуды көздеп отырмыз.

– Жібек жолында логистика саласын игеруде Алматының маңызы сіздер үшін қандай?

– Алматы жарқын идеяларды жүзеге асыратын жайлы қала. Біз нағыз алматылық кәсіпорынбыз деп мақтана аламыз. Алматы бұрыннан бері Жібек жолында маңызды орынға ие, болашақта да солай болады. Себебі, трансшекаралық сауда қарым-қатынастары артқан сайын тоғыз жолдың торабы ретінде Алматының да маңызы арта бермек. Орта Азия десе шетелдіктердің де есіне ең алдымен Алматы түседі. Мұның өзі-ақ қаламыздың аймақтағы бизнес қақпасы екенін айқындап тұр.

– Жаңа кәсіп бастағысы келетін алматылық жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Соңғы жылдары AI технологиясы шыққалы «Бір адамдық кәсіпорын» деген тақырып әлемде қатты талқыланып жатыр. Біздің қоғам да осыған баса назар аударса екен деймін. Жасанды сананың көмегімен мүмкіндіктеріміз зор көлемде кеңейді. Тіпті, бір адам үлкен кәсіпорын аша алады. Шынын айтсам, адам өзінің нағыз орнын енді тапты деп қараймын. Мен қазақ жастарын жасанды сананы меңгеріп алып, өзінің барлық мәселесін шешуге шақырамын.

– Әңгімемізді түйіндесек, өзіңізді кәсіпкерлікте алға сүйреген 3 негізгі қағиданы атаңыз...

– Мен мұны қысқаша ғана айтайын: әрқашан ашық болу, жаңа нәрсеге тез бейімделу және тез шешім қабылдау.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

ЖОБАЛЫҚ КЕҢСЕ

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

Шаһарда студенттерді, жас мамандарды және балалар спортын қолдауға бағытталған бірқатар бастамалар жүзеге асырылуда



Ернұр
РЫСБАЙ

Студенттер үйі

Алматы жастар үшін үлкен мүмкіндіктер қаласы ретінде дамуын жалғастырып келеді. Мегаполистің жоғары оқу орындарында білім алатын жастардың саны жыл сайын артып келеді. Оларды қолдау мақсатында 2024 жылы қалада 8 мың орынды жаңа жатақханалар салынды. Бұл Алматыдағы жатақхана тапшылығы мәселесін айтарлықтай жеңілдетіп, студенттер үшін қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берді. Құрылысты қаржыландыру мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жүргізіліп, инвесторлар мен қала әкімдігі бірлесіп жұмыс атқарды. Нәтижесінде жатақхана

тапшылығының белгілі бір бөлігі шешіліп, жастар үшін қолжетімді әрі жайлы баспана ұсынылды. Естеріңізде болса, 2023 жылдың наурызында «АҚШАМ-АҚПАРАТ» Алматы қаласының әкімдігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігі жатақхана құрылысын үйлестіру үшін жобалық кеңсесін іске қосқанын хабарлаған болатын. Негізгі мақсат – студенттерді баспанамен қамтамасыз ету және оқу орындары мен әлеуетті инвесторларға көмектесу.

Жұмыс барысында жобаға 120 инвестор жүгінді, бұл қолдау тетігінің тартымдылығын көрсетеді. 2023 жылы Алматыда 11640 орын тапшы болған, ал 2024 жылы ол көрсеткіш 8000 орынға азайтылды. 2030 жылға қарай тағы 20 мың орынға арналған жатақханаларды іске қосу жоспарланған. Осылайша жобалық кеңсенің қолдауымен Алматыда жатақхана тапшылығы мәселесі толығымен шешіледі.

Жаңа спорт кешендері мен алаңдар

Қала тұрғындары үшін қолжетімді спорт нысандарының санын арттыру – әкімдіктің басты басымдықтарының бірі. 2024 жылы Алматыда 3 жаңа спорттық-сауықтыру кешені ашылып, 50 жаңа спорт алаңы салынды. Бұл нысандар балалар мен жасөспірімдерге спортпен тегін айналысуға мүмкіндік береді.

Биыл Алматыда 4 жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені мен мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы спорт орталықтарының құрылысы басталады. Мегаполисте былтырдан бастап балалар спорт үйірмелері мен секцияларының саны артып, олардың сапасы мен қолжетімділігіне баса назар аударылды. Қалалық спорт басқармасының мәліметінше, шаһардағы 16 спорт мектебінде 92 спорт түрі бойынша 15 мыңнан астам оқушы жаттығады. Балалардың бәрі тегін қабылданған. Бұл бағдарлама перзентінің болашағын спортпен байланыстырғысы келетін отбасылар үшін үлкен қолдау. Мұндай жобалар қала тұрғындарының салауатты өмір салтын ұстануына ықпал етеді. Спорт кешендері мен алаңдар тұрғын үйлерге жақын орналасқан, сондықтан балалар мен жастар үшін қолжетімді. Спорт мектептеріндегі тегін үйірмелерден бөлек, қалада «Даму бала» платформасы жұмыс істейді. Бағдарлама аясында 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалар спорттың 64 түрі бойынша тегін секцияларға қатыса алады. Былтыр жоба 35 мыңнан аса адамды қамтыған.

ДЕЛЕГАЦИЯ

Мегаполис тәжірибесі:

УАҚЫТ ҮНЕМДЕУДІҢ ЕҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ

Алматыға Әзербайжан мен Моңғолиядан келген делегация өкілдері мегаполистің Халыққа қызмет көрсету орталықтарында болып, қазақстандық тәжірибемен танысты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қонақтарға құжат қабылдаудан бастап, электронды проактивті көрсетілетін қызметтер, мобильді қосымша арқылы мемлекеттік қызметті онлайн алуға болатын сервистер, тағы басқа да қызмет түрлері көрсетілді. Әсіресе, қонақтар құжаттама терминалына ерекше ықылас танытты. Қызметтің бұл түрі өздерін қатты қызықтырып тұрғанын да жасырмады.

Өйткені, бұл уақыт үнемдеудің ең төте жолы саналады. Шынында, тұрғындар 5 минут ішінде төлқұжат пен жеке куәлікке тапсырыс беріп, түскен суретін қарап, дұрысын таңдауға мүмкіндік алады. Мемлекеттік баж

салығын да төлеуге болады. Сондай-ақ, қонақтарға таулік бойы жұмыс істейтін постоматтар көрсетілді. Бұл жерден дайын құжаттарды кез келген уақытта алып кетуге болады. Шетелдік қонақтар орталықтағы қызмет көрсету, жеңілдік терезелері, күту залдары, ана мен бала бөлмесі сияқты қызмет көрсету түрінің халық үшін өте ыңғайлы екенін атап өтті. «Халыққа қызмет көрсету орталығының қызмет көрсету сапасы бізге ұнады. Құжат беруден бастап, әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге дейін бәрі жоғары деңгейде екен. Қазіргі заманғы технологияны жан-жақты қолдану да тұрғындардың уақытысын үнемдеудің бір тәсілі. Сіздермен әріптестік орнатқымыз келеді», – деді Әзербайжан делегациясының өкілі, IT бағыты бойынша DOST Агенттігі басқарма төрағасының кеңесшісі Назиля Гаши-заде.

Жалпы, еліміздегі Халыққа қызмет көрсету орталықтарының басты қағидаты – бұл халыққа сапалы және жылдам қызмет көрсету. Бұл ретте көршілес мемлекеттен келген делегаттар, Алматыда қызмет көрсетудегі жаңашылдықтар мен инновациялық жобалардың көш ілгері екенін атап өтті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айбат ИЛҮСОВ,
«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары:

Мақсат – халыққа сапалы қызмет көрсету

Мемлекеттік корпорация цифрлық бағдар аясында әр кезеңде мемлекеттік қызметті оңтайландыру арқылы халыққа уақытылы әрі кедергісіз, сапалы қызмет көрсетуді көздейді.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Сапалы жол, жайлы көлік қозғалысы алматылықтардың ұдайы көңіл бөлетін тақырыбы. Қала көшелерінде қандай өзгерістер болады? Қоғамдық көліктер, веложол инфра-құрылымын дамыту бағытында қандай жұмыстар қолға алынады? Жол сапасын жақсартуда стратегиялық маңызы бар қандай жобалар мен жоспарлар тұр? Оқырманымыздың көкейіндегі осы сұрақтарды Almaty aqshamy газетінің тілшісі Алматы қаласы Мобильділік басқармасының басшысы Сағындық ТЕЛБАЕВҚА қойып, жауап алған еді.

ТІРШІЛІКТІҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ Жол-көлік жүйесінде ауқымды істер көп

Мөңке би мен Рысқұлов даңғылының ортасын қосатын күре жол. Бүгінгі таңда жолдың 1,8 шақырымына асфальт жабынын төсеп қойдық. Егер биыл жұмысты толығымен аяқтасақ, ол Момышұлы көшесіндегі көлік жүктемесін 40%-ға дейін төмендетеді алады.

Ал өткен жылы құрылысы басталған Абай даңғылындағы жұмыс бойынша негізгі жұмыстар бітті. Енді үстіңгі қабатына асфальт жабынын төсеу қалды.

Жоба үш кезеңнен тұрады. Бүгінде соңғы кезең – 600 метр жолдың құрылысы қалды. Қазіргі уақытта Абай даңғылы Строительный көшесімен аяқталып тұр. Болашақта қала шекарасына дейін созылып, одан әрі облысты кесіп өтіп, БАКАД-та аяқталады. Бұл көше бойынша көлік қозғалысын маусым айының аяғында ашуды жоспарлап отырмыз. Жобада жол жиегіне веложолдар, жаяу жүргіншілер жолы және абаттандыру жұмыстары қарастырылған.

Қазіргі уақытта Рысқұлов даңғылын ұзарту бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Жол «Теректі» ықшамауданын кесіп өтіп, қала шекарасына дейін созылатын болғандықтан, жеке сектордағы үйлер сүрілуі керек. Осыған байланысты дайындық жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстарды толығымен аяқтау 2026 жылға жоспарланған.

Басқарманың жоспарында қаланың ішіндегі магистральды жолдарды салу да қарастырылған. Мәселен, Төле би көшесі (Ясауи көшесінен бастап – ұзындығы 4,5 шақырым) қала шекарасына дейін ұзартылады. Қазір бұл аумақта инженерлік желілер мен жол жұмыстары жүргізілуде. Құрылысты 2025 жылдың соңына дейін аяқтауды жоспарлап отырмыз. Өткен жылы Жубанов көшесінің Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейінгі бөлігінде құрылыс жұмыстары басталған. Қазіргі уақытта жер телімдерін сатып алу бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Одан кейін бұрғылап-тесу бойынша негізгі жұмыстар басталады. Жобаны аяқтау 2027 жылға жоспарланып отыр.

– Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысындағы жолайықтың құрылысы 2017 жылы басталған болатын. Неге ұзаққа созылып кетті? Себебі неде?

– Рас, жұмыс сол маңдағы үйлерді сатып алу процесі ұзаққа созылғандықтан әлі аяқталмай тұр. Бірақ 2024 жылы көлік туннелін ашып бердік. Биыл жыл соңына дейін жұмысты толығымен аяқтап, көлік қозғалысын барлық бағытта ашуды жоспарлап отырмыз.

Транспорттық ХАБ құрылысы

– Қала әкімдігі өткен жылы «Алматы қаласының 2030 жылға дейінгі көлік қаңқасының» шеберлік-жоспарын бекітіп, жоба аясында Райымбек даңғылында BRT жолағын салуды жоспарлаған еді... Бұл бағыттағы жұмыстар басталды ма?

– Иә, бұл автобустарға басымдық беретін жоба. Қарапайым сөзбен айтсақ, бұл да Тимирязев көшесінде орналасқан қоғамдық

көліктерге арналған арнайы жолақ секілді арнайы жол. Биыл BRT бойынша екі нысанның жобасын жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Біріншісі – Райымбек даңғылы бойында, ол Пушкин көшесінен басталып, «Алтын Орда» базарында аяқталатын, ұзындығы 17 шақырымды құрайтын жол. Жобада қоғамдық көліктерге ғана емес, велосипед жолдары, жаяу жүргіншілер жолы, суару арықтарын салу, суару жүйесі бар жасыл аумақты абаттандыру жұмыстары қарастырылған. Бұған қоса, биыл Байтұрсынов және Желтоқсан көшелерінде тағы бір BRT желісін ашуды жоспарлап отырмыз. Оның көмегімен «Атакенттен» Райымбек даңғылына дейін жетуге болады. Бұл жоба Байтұрсынов көшесінен бастап Тимирязев көшесінің бойымен Желтоқсан көшесіне дейін, Желтоқсан көшесінен Райымбек даңғылына дейінгі аралықты қамтиды. Қазіргі таңда жоба бойынша ЖСҚ жасалды. Енді құрылыс-монтаждау жұмыстарының құжаттары әзірленуде. Екі жоба да 2025 жылдың қыркүйегінде аяқталады деп жоспарланған.

Қазіргі кезде Райымбек даңғылында қоғамдық көлік те, жеке автомобильдер де кептелісте тұрады. Ешкімге басымдық берілмеген. Сондықтан біз біртіндеп қоғамдық көлікке басымдық бермекпіз. Адамдар жеке көлігіне қарағанда автобуспен тезірек жететінін байқаса, қоғамдық көлікті пайдаланушылар көбейеді. Ал көліктердің азаюы экологияға пайдасын тигізеді.

– BRT желісі автотұрақ мәселесін шеше ала ма?

– Иә, белгілі бір деңгейде шешуге көмектеседі. Егер адамдар жеке көлікті азайтып, қоғамдық көлікке көшсе... Метро, BRT желісі қала шетіне дейін ұзартылып, қалаға кіреберістерде батыс, солтүстік және шығыс бағытта үш жаңа көлік трансплантациялау торабы (КТТ) салынады. Биыл «Барлық» базарының жанынан «Западный» көлік тұрағының құрылысы басталады. Жоба бойынша бұл нысан 200 көлікті жабық тұрақпен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, «Жетісу» базарының жанындағы «Шығыс қақпасы» мен Gate City тұрғын үй кешенінің маңындағы «Солтүстік» көлік тұрағының ЖСҚ әзірленуде. Бұл хабтар қала маңынан келген жұртқа көліктерін автотұраққа қалдырып, метро, қоғамдық көліктерді пайдалануға мүмкіндік алады. Бұл шалғайдан келетін көлік санын азайтады. Тиісінше, қала ішінде қозғалыс реттеліп, кептеліс болмайды. Ал жалпы Алматыда автотұрақ тапшылығы мәселесін шешу үшін пилоттық режимде механикаландырылған карусель тұрақтарын салмақпыз. Мұндай тұрақ төрт көлікке арналған орынға 24 көлікті орналастыруға мүмкіндік береді. Тәжірибе сәтті болса, жоба бүкіл қаланы қамтитын болады.

Метромен жүретіндер көп

– Алматыда транспорттың тағы бір түрі метроға мінетін жолаушылар саны да жыл санап көбейіп келеді. Қазіргі таңда бір тәулікте 100 мыңға жуық адам жерасты

жолымен жүреді. Метро желісі қаланың шеткі аудандарына қашан жетеді?

– Қазіргі таңда ұзындығы 1,9 шақырым болатын туннельдер мен «Қалқаман» стансасының құрылыс жұмыстары бойынша жұмыстар жүргізілуде. Жоба аясында Абай-Өшімов көшелерінің қиылысындағы жер телімдері сатып алынды. Жобаның аяқталуы 2026 жылға жоспарланған. Жалпы ұзындығы 1,9 шақырымды құрайды. Туннель салу жұмыстары жүріп жатыр. Биыл станцияның өзінің де құрылысы жалғасады. «Қалқаман» стансасы ашылғаннан кейін батыс бағытта тағы үш станса салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, жоба бойынша барлық негізгі көшелерде веложолдар салу қарастырылған.

– Веложолдар саны көбейсе, Алматының көлік жүйесіне әсер ете ме?

– Веложолдар қаланың көлік жүйесінің маңызды бөлігі. Олар экологиялық таза, үнемді және қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз етеді. Қала көшелерінде веложолдар әлі де салынады. Кейде тұрғындар орталық көшелерді кеңейту қажет деп жатады. Қаланың орталық бөлігінің салынғанына көп уақыт болғанын, сол себепті жолды кеңейту мүмкін емес екенін түсінулеріңіз керек. Себебі, онда жасыл аймақ, одан кейін жаяу жүргіншілер жолы мен үйлер бар. Біз қазір жолдың енін азайтатын техникалық шарттарды әзірлеп жатырмыз. Мәселен, негізгі көшелерде жолақ ені 3,5 метр болса, оны 3 метрге дейін қысқартамыз, ал қалған бос жерлер велосипед жолына айналады.

Экологиялық көліктер үлесі

– Алматыда ауа сапасы үлкен мәселе, сондықтан экологиялық көлікті дамыту маңызды. Дизельдік отыннан бас тартып, экологиялық таза көліктер үлесін арттыруға бола ма?

– Біз қоғамдық көліктің экологиялық таза түріне біртіндеп көшіп жатырмыз. Өткен жылы 600 газ автобусы сатып алсақ, биыл 700 дана алынады. Жеке тасымалдаушылар 400 бірлік сатып алды. Бұған қоса, 100 электробус сатып алынды. Троллейбус паркі туралы айтатын болсақ, ол соңғы рет 2011 жылы жаңартылған. Өткен жылы 290 бірлік жылжымалы құрамды толығымен жаңарттық. 2025 жылдың соңына қарай қалалық автобус паркі толығымен экологиялық көлік түріне көшеді. Бүгінде басқарма балансында дизельді отынмен жүретін қала маңына қатынайтын автобустар бар. Оларды 2026 жылға дейін газға көшіруді жоспарлап отырмыз. Қарқынды урбанизацияға байланысты Алматының көлік жүйесін алда ауқымды өзгерістер күтіп тұр. Болашақта Алматы автокөлік жүргізушілері үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де ыңғайлы әрі жайлы қалаға айналады.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Асфальт жол да қаланың ажарын ашады

– Сағындық Тоқтасынұлы, алматылықтар қала қозғалысына ұдайы назар аударады. Алдағы уақытта Алматы көшелерін қандай өзгерістер күтіп тұр?

– 2025 жылы Алматыда 300 шақырым жол мен 30 шақырым жаяу жүргіншілер жолына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жолдағы шұңқырларды жамау, арық желілерін жаңғырту жұмыстарымен қатар, «Өлмерек», «Алғабас», «Шұғыла», «Ақжар» және «Шаңырақ» шағынаудандарында 35 шақырым жаңа жол салынады. Ескерте кететін бір жайт, жол салу жұмыстары энергетиктер инженерлік желілерді жүргізгеннен кейін ғана басталады.

Қазіргі таңда қалада «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында 12 мектеп салынып жатқанын білесіздер. Сол мектептердің жанындағы жолдарға біздің басқарма жауапты. Бұл бағыт бойынша жобалық-сметалық құжаттарымыз толығымен жасалған. Қазіргі таңда мердігерлер анықталды. Жоспарға сәйкес 5 мектептің негізгі жолдарын салып қойдық. Қалған 7 мектептің жолына қатысты жұмыстарды бастап жатырмыз. Биыл бітіріп береміз.

– Қалада Саин көшесі, Абай және Рысқұлов даңғылдары сынды үш негізгі магистральды жолдар ұзартылу үстінде. Жұмыстар қашан аяқталады?

– Саин көшесі бойынша жұмыстар биыл толығымен аяқтау жоспарланған. Бұл ұзындығы 3,2 шақырымды құрайтын көше



Суреттрді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



«АҚШАМНЫҢ» ҚОНАҚЖАЙ ШАҢЫРАҒЫ

ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТҮРКИЯ:

Білім беру саласындағы ынтымақтастық

«Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты арасында 2023 жылы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Аталған серіктестік құжат шеңберінде «Алматы ақшамы» мен «Вечерний Алматы» газеттері мен сайттарының журналистері түрік тілін тегін үйренді. Құрсты сәтті аяқтаған қатысушыларға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті лингвистикалық орталығының арнайы сертификаты берілді.

Қазақстанның ұзақ жылдан бергі ең жақын және сенімді серіктесі Түркиямен байланыстардың ішінде білім мен ғылым саласындағы қарым-қатынас маңызды орын алады. Журналистердің тіл үйренуі мен білім берудегі бастамалар төңірегінде Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығының Білім беру Аташесі Айхан КОРКМАЗБЕН әңгімелестік.

СЕРІКТЕСТІК БАЙЛАНЫСЫМЫЗ БЕРІК

– Айхан мырза, туысқан қос елдің ынтымақтастығы күні кеше ғана қалыптасқан жоқ. Дипломатиялық қатынас орнаған 33 жылда Қазақстанға да, Түркияға да тиімді жобалар жасалды. Қазір де көп күш жұмсалып жатыр. Сұхбатымызды білім саласындағы қарым-қатынастан бастасак.

– Әрине, Қазақстан мен Түркия бір-біріне ең жақын елдер. Бауырластық байланыстар, түбі бір түркі жұртынан шыққандығымыз және құндылықтарымыздың тамыры ортақ. Білім саласын айтар болсақ, 81 елде Түркия Республикасының білім беру кеңесшілері, яғни атешелері бар.

Мұндағы мақсат – Түркияның білім саласындағы тәжірибесін үйрету, тәжірибе алмасу. Осы тұрғыда Қазақстанмен серіктестік байланысымыз берік. 1992 жылы екі мемлекет арасында дипломатиялық қарым-қатынастың бастауы болып Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ашылды. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи университеті – ортақ құндылығымыз. Қазіргі таңда бұл университетте Түркиядан келген 60 мұғалім жұмыс істейді. Оқу орнына барсаңыз, 17 түрлі елден келген, әр салада оқитын студенттердің түрік тілін үйреніп жатқанын көресіз.

Бұл, әрине, біз үшін үлкен қуаныш. 1992 жылдан бері бүгінгі күнге дейін біраз жұмыс атқарылды. Алматыдағы 9 университетте, 8 орталықта, 2 курс орталықта түрік тілін оқытудамыз. Түркиядан келіп, тіл үйретіп жүрген мұғалімдеріміздің жалпы саны – 73. Сондай-ақ, Алматыдағы 16 кәсіптік лицейде түрік тілі курстары бар. Тек Алматыда ғана емес Астана, Түркістан және Қазақстанның өзге де аймақтарында да түрік тілі орталықтарын ашуға қызығушылық танытатынын байқадық. Бұл да біз үшін үлкен мақтаныш дер едім.

– Қазақстанда түрік тілін үйрену үрдісі ағылшын тілінен кейін екінші орында тұр. Сондықтан да осы бағытта ынтымақтасу артықтық етпейді...

– Иә, менің ойымша, алдағы 5 жылда біздің тіл ағылшын тілін басып озады. Өйткені, қазірдің өзінде 2 университетте түрікше – бірінші тіл, ал жаңа оқу орындарында студенттер таңдайтын екінші тіл болып саналады. Қазақстан мен Түркияның қарым-қатынасы артып келеді. Әсіресе, Түркі мемлекеттері қауымдастығы құ-



рылғаннан кейін, ортақ тілге, әліпбиге ерекше көзқарас қалыптасты. Кейінгі екі жылда Алматыдағы түрік тілін үйренушілердің саны жағынан үлкен айырмашылық байқалады. Былтыр 140 студентке түрік тілін үйретсек, биыл 1300 студент тіл меңгеріп жатыр. Сондықтан алдағы уақытта түрік тілі қаладағы ең көп оқытылатын тіл болады деп сеніммен айта аламын.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты – түрікше үйрететін алғаш ашылған орталықтардың бірі. Бұл жерде қазір кәсіби

мамандар 22 топқа тіл үйретеді. Наурыз айында тағы 30-дан астам топ ашуды жоспарлап отырмыз. Келесі жылы біз орта есеппен Алматыдағы 2000 адамға түрікше үйреткіміз келеді.

ТҮРКИЯДАҒЫ ШЕТЕЛДІК СТУДЕНТТЕРДІҢ ЕҢ КӨБІ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР

– Анадолы елінде білім алғысы келетін қазақстандық жастар саны артқан. Көбіне қай сала бойынша жоғары білім алғысы келеді?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Дина ИМАМБАЙ,
«Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналы
Бас редакторының орынбасары:

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК АШЫЛАДЫ

Түркия бізге ең жақын бауырлас ел ғой. Қазір арадағы қарым-қатынас өте тығыз жүріп жатыр. Оның ішінде дәстүрлі медиа (газет-журнал) арасында екіжақты байланыс тереңдей түскен. Журналист бірнеше тіл білгені өте жақсы. Әсіресе, қазіргі заманда бұл мәселе өзекті. Журналистер үшін тіл білу деген – ақпаратқа көбірек қол

жеткізу деген сөз.

Бізге түрік тілін Түркиядан арнайы келген мұғалім – Неше Йылдырым ханым үйретіп жатыр. Дәрістің өту барысы, әдістемесі, тілді оңай үйрету тәсілі, бізбен қарым-қатынас жасауы ұнайды. Қазір А2 деңгейін оқып жатырмыз. Біраз сөз үйреніп те қалдық, түсінеміз, сабақ үстінде бір-бірімізбен түрікше сөйлесеміз. Әрине, тіл үйрену деген үздіксіз жетілдіруді қажет етеді. Тұрмыстық қолданыстағы сөздерден басқасын үйреніп, мәтінде айтылған оқиғаны түсінетін және аударатын деңгейге жетіп қалдық.

Қазақ пен түрік тілінің түп-тамыры бір, көне түркіден шыққандықтан, ұқсастықтар бар. Географиялық тұрғыдан алыс орналасқанына қарамастан, көптеген көне сөздеріміз сақталған екен. Дәріс кезінде біз кейбір сөзді бірден түсініп, мынау қазақшамен бірдей ғой дейміз. Сондықтан терминдерді аудару барысында сөздің баламасын тек ағылшын не латын тілінен емес, осы түрік тілінен де алған дұрыс деп ойлаймын.

Нобель сыйлығының лауреаты, түріктің атақты жазушысы Орхан Памуктың шығармаларын қазақ немесе орыс тілінде оқып келдік. Енді мен алдағы уақытта кітаптың түпнұсқасын оқығым келеді. Ғалымдар мен жазушылардан түрік тілінде сұхбаттасатындай деңгейге жетсек, біздің басты артықшылығымыз да осы болар еді.



Неше ЙЫЛДЫРЫМ, түрік тілі мұғалімі:

«ҚАНША ТІЛ БІЛСЕҢ, СОНША АДАМСЫҢ»

Осы бір нақыл сөзді назарға алып, көп тіл білгісі келетін жандар барына қуаныштымын. Қазақстанда төрт жылдан бері жұмыс істеймін. Екі жыл Түркістан қаласында, екі жыл Алматыдағы Еуразия ғылыми-зерттеу институтында түрік тілін үйреттім. Қазір де осы оқу орталығында қызмет етемін.

Өртүрлі сала мамандарына түрікше үйреттім. Бірақ солардың арасында журналистер ерекшеленіп тұрады. Оларға тіл меңгертіп жүріп, өзім де біраз нәрсе үйреніп жүрмін десем де болады. Қазақ тілін толық түсіндім деп айта алмасам да, күн сайын жаңа нәрсені үйреніп, дүниетанымым кеңейді. Әсілінде, біз бірімізге бөтен емеспіз, жақын халықпыз. Журналистер саналы, олардың курсқа шын ықыласымен, ниетімен келетіндері ұнайды.

Түркиядағы түрік газеттерін, ақпарат құралдарындағы жаңалықтарды оқи алады. Түркиялық әріптестерімен бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Тіл үйренген журналистерге жаңа бір есік ашылмақ. Әріптестермен сөйлесіп, олармен тәжірибе алмаса алады. Өз салаларына қатысты дүниелерді үйреніп, оларға үйрете алады. Меніңше, бұл ақпарат айдынында жүрген жандар үшін өте маңызды. Екі елдің журналистеріне де пайдалы болады деп ойлаймын.

– Түркияда әлемнің бірнеше еліне барған шетелдік студенттер бар. Дегенмен, былтыр жасалған тізімге сәйкес, түркиялық университеттерден білім алуға баратын елдердің ішінде ең көп студенттер – Қазақстан жастары. Студенттердің көбі заң саласын таңдайды. Сондай-ақ, инженерлік мамандықтар мен медицина университеттеріне сұраныс жоғары. Осы жерде айта кетейін, Түркияда білім алғысы келетін жастар қандай да болсын сұрақтары болса, міндетті түрде бізге – Алматы қаласындағы Бас консулдықтың Білім беру бөліміне келуін сұрайтын едім. Осы жерден ғана сенімді, дұрыс ақпарат көзін алу керек. Білім беру атешеміз Астана қаласында да жұмыс істейді. Осы екі кеңседен барлық ақпаратты ала алады.

– Журналистерге арналған түрік тілінің тегін курстары алғаш рет «Alatau Aqparat» медиахолдингіне басталған еді. Қазір жоба «Қазақ газеттері» ЖШС-пен жалғасын тауып жатыр. Журналистерге тіл үйретудегі мақсат қандай?

– Білесіз бе, біз қазақ журналистерінің түрік тілін үйренгісі келетініне басқаша қараймыз. Әр адамға үйрету өте маңызды, әрине. Бірақ БАҚ қызметкерлерінің тілді меңгеруі одан 10 есе маңызды. Тілді жеткілікті деңгейде меңгерген журналист немесе баспасөз қызметкері, газет не теле-радио журналисі оқырман сұранысына сай ақпарат беріп, біздің тілді сыртқы әлемге танытса, оның әсері он есе тереңдей түсер еді. Ақпарат саласындағы мамандарға түрік тілін оқыту өте құнды. Бір-бірімізді жақсы түсінуге, идеяларымызды бөлісуге көмектеседі. Түрік тілін үйретіп жүрген мұғалімдерімізге және қызығушылық танытқан БАҚ қызметкерлеріне осы сәтті пайдаланып, алғыс айта кеткенді жөн көріп отырмын. Журналистика – екі халықтың байланысын дамытатын өте маңызды сала.

– Тіл үйренген журналистерге қандай мүмкіндік қарастырылған?

– Бас консулдық Түркияның Anadolu мен TRT ақпарат агенттіктерінде тағылымдамадан өту мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Тіл үйренген журналистердің тәжірибесін шыңдау үшін жоспарларымыз бар.

Келесі аптадан бастап, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінде дәріс беретін түрік тілі мұғалімдері тағайындалады. Біз ол жерде түрік журналистика бөлімін ашқымыз келеді. Биыл Түркиядан 22 мұғалім келді. Екі оқытушымыз болашақ журналистерге түрік тілін үйрететін болады.

АЛМАТЫ – МЕН КӨРГЕН ЕҢ ӘДЕМІ ҚАЛАЛАРДЫҢ БІРІ

– Алматыда неше жылдан бері жұмыс істейсіз? Бұл шаһар сізге несімен ұнайды?

– Мен бұл қалада 1,5 жылдан бері қызмет етемін. Алматы – мен көрген ең әдемі қалалардың бірі. Адамдардың бізге деген көзқарасы, ана тілімізге және Түркияға деген қызығушылығы өте жоғары. Маған бұл қалада барлығы ұнайды. Ал жалпы, білім беру саласында 32 жылдан бері жұмыс істеймін. Өзімнің салам бойынша байқағаным, оқушылар білімге құштар, олар заманауи технологияны өте жақсы пайдаланады. Әлеуметтік желілердің алгоритмін меңгерген. Сондай-ақ, алматылық жастардың тіл үйрену қабілеті өте жоғары. Осыны ерекше атап өткім келеді. Екіншіден, бұл жерде маған ұнайтыны – балалардың бір-біріне деген қамқорлығы. Жоғары сыныптың баласы өзінен кішіге үлкендік танытып, көмектесіп жүреді. Алматы жастарының болашағы кемел болатынына сенемін. Түркия атынан жастарға қолдау көрсетуге әрдайым дайынбыз.

– Сұхбатқа уақыт бөлгеніңізге рахмет! Қызметіңізге табыс тілеймін!

Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ДУМАН РАМАЗАН –
ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЕҢ ҮЗДІК ДРАМАТУРГІ

Жақында Түркияның мәдени астанасы Стамбул қаласында Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымы мен Түркия театрлар қауымдастығы және Түркияда шығатын «Театр» газетінің ұйымдастыруымен түркі елдерінің театр қайраткерлерін марапаттау рәсімі өткізілді. Театр өнеріне қатысты әр аталым бойынша жеңімпаздар анықталып, жүлделер тапсырылды.

Халықаралық мәртебелі байқаудың Әділқазылар алқасының шешімімен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жазушы-драматург Думан Рамазанға «Түркі әлемінің ең үздік драматург» атағы берілді. Салтанатты жиында оны Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы, әйгілі жазушы-драматург Сұлтан Раев мырза мен «Театр» еларалық басылымының Бас редакторы, атакты театр сыншысы Нұрхан Услу ханым тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сұлтан РАЕВ,
Халықаралық ТҮРКСОЙ
ұйымының бас хатшысы,
жазушы-драматург:

Қазақ драматургиясындағы
эстетикалық құбылыс

Думан Рамазан бауырымның драмаларымен бұрыннан таныспын. Драманың қыр-сырын жетік білетін, ой-орамын тереңдеткен мықты драматург. Тарихи тақырыпта да, қазіргі заман туралы да әбден зерттеп-біліп жзады. Иікі қарама-қайшылық пен эпикалық шиеленісті ерекше бір жүйелі стильде баяндайтын айқын артықшылығы бар.

Думан – қазақ драматургиясындағы ерек көрініс, эстетикалық құбылыс, жаңа белес. Оның соңғы жылдары ұлттық сахнада жасаған тарихи полотнолары бүгінгі театрдың биігіне сайма-сай. «Керей-Жәнібек», «Абылай ханның арманы», «Жошы хан» және басқа да тарихи драмаларында ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге деген тарихи көзқарасты қатысыз бейнелеген. Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы ұлттық драма театрының сахнасында қойылған «Жошы хан» тарихи драмасы қазақ мәдениетіндегі жаңа кезеңнің басталғанын паш етеді.

БАЙҚАУ

МЕКТЕПТЕГІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ:
үздік сайлау жүйесі

Алматыдағы «Алем» инновациялық шығармашылық орталығында «Мектептегі өзін-өзі басқарудың үздік сайлау жүйесі» ІІ қалалық байқауы ұйымдастырылды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Байқау Алматы қаласы мәслихаты мен қалалық Білім басқармасының қолдауымен өткізілді. Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеу аясында өткен «Мектептегі өзін-өзі басқарудың үздік сайлау жүйесі» ІІ қалалық байқауы мектеп оқушыларының демократиялық процестерге қатысуын ынталандыруға, сондай-ақ өзін-өзі басқару дағдыларын дамытуға бағытталған.

Мақсат – өзін-өзі басқару жүйесі ең тиімді жұмыс істейтін мектепті анықтау. Сондай-ақ, оқушылардың Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасы мен сайлау жүйесінің ерекшеліктері бойынша құқықтық сауаттылығын және хабардарлығын арттыру.

Әділқазылар алқасы – Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Айгүл Оразқызы, «Alatau Aqparat» медиахол-

дингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі мүшесі Бекнұр Қисықов, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Айнура Маратқызы, мәслихат депутаты Асқар Қуандықұлы, «Алматы аманаты» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының әдіскері Анар Тойлыбаева, Сайлау жүйесінің ардагері Құралай Күмісбаева.

2025 жылғы 21–30 қаңтар аралығында Алматы қаласының мектептерінен байқауға қатысу үшін 160 өтінім берілді, бұл жалпы мектептер санының 74,4%-ын құрайды (барлығы 215 мектеп). Байқауға 143 мектеп жұмыс ұсынды (өтінімдердің 89,4%-ы), ал байқауға 127 мектеп қатысты (өтінімдердің 79,4%-ы). Әр ауданның байқау жұмыстары көрсетіліп, ұжымдық өнер көрсету, қорытындылау және жеңімпаздарды дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапаттау шаралары ұйымдас-

тырылды. Барлығы 127 мектептің 835 өзін-өзі басқару өкілі қатысты, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 23 мектепке көп. 31 қаңтарда байқаудың аудандық кезеңдері өтті.

Байқаудың ақтық кезеңіне аудандық кезеңдерден жеңімпаз болған 8 мектеп өтті. Дәлірек, «Алатау ауданы: №204 жалпы білім беретін мектеп», «Алмалы ауданы: №96 жалпы білім беретін мектеп», «Әуезов ауданы: №175 «Жаңа ғасыр» гимназиясы», «Бостандық ауданы: №105 О.Жандосов атындағы гимназия», «Жетісу ауданы: №102 жалпы білім беретін мектеп», «Медеу ауданы: Ш.Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия», «Наурызбай ауданы: №200 мектеп-гимназия», «Түркісіб ауданы: №59 мектеп-гимназия».

Байқау жоғары дәрежеде өтті. Мектептегі өзін-өзі басқарудың ең тиімді сайлау жүйесі бар мектептер анықталды.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ:

1-орын – «№200 мектеп-гимназия» КММ;
2-орын – «Жаңа ғасыр №175 гимназия» КММ;
3-орын – «№102 жалпы білім беретін мектеп» КММ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекнұр ҚИСЫҚОВ,
Алматы қаласы
Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

Отаншылдық,
патриоттық сезімге
тәрбиелейді

Мұндай байқаулардың мән-маңызы жоғары. Бұл жас өрендерді отаншылдық, патриоттық сезімге тәрбиелейді. Сондай-ақ, оқушылар мектептен бастап болашақ қоғамдық өмірге белсене араласуға дағдыланады. Халықтың қалаулысы болу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Сондықтан ел игілігі жолында жалынды жастардың білімі, күш-жігері қажет.



ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Kazakh Tourism компаниясы «eQонақ» жүйесіне тіркелген орналастыру орындары бойынша мәліметтерді талдап, шетелдік туристер арасында танымал қазақстандық өңірлерді анықтады. Оның нәтижесі бойынша екі жыл қатарынан Алматы туристер үшін еліміздің ең тартымды қаласы атанып отыр. Бұл – мегаполисте туризмді дамыту бойынша жасалып жатқан жұмыстың нәтижесі.

Досбол
АТАЖАН

Саяхаттаудың негізгі мақсаты – жаңа әлеммен, тың дүниелермен (жаһандық туристік бағыт-бағдарлар, мәдениеттер, ұлттық тағамдар, т.б.) танысу және тынығу. Ал ту-



АЛМАТЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Соңғы үш жылда мегаполисте туристік ағын 34,2%-ға өскен

рист саяхат барысында жақсы тыныға алу үшін ол қыдырып келген мекеннің инфрақұрылымы дамыған болуы шарт. Сондықтан Алматыда туристерге қолжетімді инфрақұрылым құру бағытындағы жұмыстар жыл сайын атқарылып келеді.

Мегаполистің туристік әлеуетін арттыру үшін «Шымбұлақ» курортын кеңейту және оны «Ой-Қарағай» демалыс аймағымен біріктіру жоспарланған. Елордада ҚР Премьер-министрінің орынбасары Роман Клар, ҚР Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов, сондай-ақ тау шаңғысы индустриясының өкілдері мен халықаралық компаниялардың мамандары қатысқан жиында Алматы тау кластерін дамыту мәселелері талқыланды. Жиын барысында «Шымбұлақтағы» аспалы жолдар санын 13-тен 35-ке дейін арттыру, курортқа келетін бір күндік туристер санын 6 мыңнан 24 мың адамға дейін көбейту, тау шаңғысы трассаларының ұзындығын 41 шақырымнан 90–124 шақырымға дейін ұзарту және жыл сайынғы туристік ағынды 5 миллион адамға дейін көбейту бойынша жоба таныстырылды.

Алматы қаласын 2025 жылға дейін және орта мерзімді келешекте 2030 жылға дейін дамыту бағдарламасына сәйкес, 2025–2027 жылдары жергілікті бюджет қаражаты есебінен «Медеуді» жаңғырту жоспарланған. Жобаға сәйкес «Медеу» мұз айдынының батыс бөлігінде серуендеу аллеясы құрылады. Ал айдын айналасында жаяу жүргіншілерге арналған баспалдақтар орнатылып, оңтүстік беткейде Есентай өзенінің оң жағалауы бойымен көркейту жұмыстары жүргізіледі.

Сондай-ақ, іргелес аумақты жақсарту мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға ыңғайлы болуы үшін оңтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бөлігінде екі жедел саты орнату көзделген. «Медеу» қонақүйін толық реконструкциялау да жоспарға енген.

ТУРИСТЕРДІ НЕ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ?

Алматы туризм бюросының өкілдері қазіргі уақытта Алматыны көпқырлы туристік бағыт ретінде ілгерілету бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатқандарын және бес негізгі бағытқа басымдық беретіндерін атап өтті. Олар: тау, табиғат, қалалық атмосфера, гастрономия және мәдени мұра.

– Табиғат пен белсенді демалысты ұната-тындар үшін Алматы Шымбұлақ және Медеу сияқты әлемдік деңгейдегі тау-шаңғы және спорттық кешендерді ұсынады. Бұл нысандар халықаралық сарапшылар тарапынан жоғары бағаланған. Гастрономияны бағалай-тындар үшін Алматыда «Көк базар» бар, онда жергілікті өнімдер мен ұлттық тағамдардың алуан түрі ұсынылады. Қаланың тарихы мен мәдениетін тереңірек зерттегісі келетіндер үшін Алматы музейлерімен серіктестікте әзірленген арнайы экскурсиялық бағдарламалар қолжетімді. Мұндай бай тәжірибелер жиынтығы Алматыны әлемдік туристер үшін міндетті түрде баруға тиіс бағыттардың қатарына қосады, – дейді бюро мамандары.

Алматы қаласының Туризм басқармасы қаланың туристік әлеуетін одан әрі дамыту жұмыстарын жалғастырып, 2025 жылы 2 мил-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ғалия ТОҚСЕЙПТОВА,
Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы:

ӘЛЕМНІҢ 11 ҚАЛАСЫНДА АЛМАТЫНЫҢ ТУРИЗМ КҮНІН АТАП ӨТЕМІЗ

Алматы – әрдайым алға ұмтылатын қала. Жыл сайын шаһарымыз дамып, бізді жаңа жобалармен таңқалдыра береді. Ал 2025 жылдың жоспарына келсек, биыл біз тау маршруттарын дамыту бойынша жұмыстарымызды жалғастырамыз. Біз жаңа 3 кемпинг-аймақты ашып, 3 бұлақ көзінің айналасын абаттандыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде қаламыздағы танымал орындардың бірі – «Алма-Арасан» толықтай жаңғыртылады. Сондай-ақ, биыл 10-нан астам халықаралық көрмеге қатысуды көздейміз. Алматыдағы туризм күнін әлемнің 11 қаласында атап өтеміз. Алматыға өзге елдерден туристерді тарту бойынша жұмысымызды жалғастырамыз. Оған қоса, TripAdvisor және Expedia танымал платформаларда Алматыны насихаттап, мегаполис әуежайындағы әртүрлі науқандарымызды өткіземіз.

Камила ЛҰҚПАНОВА,
Алматы туризм бюросының директоры:

ALMATY PASS: ТУРИСТЕРДІҢ БІРЫҢҒАЙ БИЛЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Алматы туризм бюросының мақсаты – халықаралық аренада Алматының имиджіне жауап беретін орталыққа айналу. Жалпы, 2024 жылы Алматы 8 халықаралық туристік көрмеде таныстырылып, олардың нәтижесінде шетелдік туроператорлармен 230 ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Мегаполисте 3 туристік ақпараттық орталық ашылды және 11 айда 14559 шетелдік мейман ақпараттық кеңес алды. Almaty Pass туристердің бірыңғай билеті іске қосылды. Қаланы насихаттау – бұл бір тауарды не адамды жарнамалау емес, бұл Алматының имиджін құру әрі дамыту бойынша ауқымды жұмыс. Алматы секілді мегаполис бұл – тірі ағзаға тең. Алматы – картадағы бір нүкте емес, одан үлкен ұғым.

Есжан ЕРЖАНОВ,
қала тұрғыны:

ШАҒАРДА ШЕТЕЛДІК ТУРИСТЕР КӨП

Соңғы 2-3 жылда Алматыға келетін туристердің қарасы көп. Бұрын шетелдік туристерді тек Шымбұлақ, Медеу, Көктөбе, 28 панфиловшылар саябағы секілді танымал орындардан көретін болсақ, қазір қаланың кез келген бөлігінде кездестіріп қалуы мүмкін. Былтыр бір күні отбасымызбен Орталық музейге барсақ, Үндістаннан келген бір топ азамат кезекте тұр екен. Тағы бірде М.Ганди атындағы саябақта жүргенімде көріші Қытайдан келген меймандарды көзім шалды. Қастарында жүрген гид әлденені түсіндіріп жатты. Одан бөлек, Корей елінен келген зейнеткерлерді көшеде кездестіріп, біраз тілдескенім бар. Олар менен Алматыда қайда баруға болатынын сұрады. Жалпы, бұл мысалдардың бәрі шетелдік туристер үшін қаламыздың тартымдылығы артып келе жатқанын көрсетеді деп ойлаймын. Осы бағыттағы жұмыс әрі қарай жалғаса бергені дұрыс. Себебі, шетелдік туристер арқылы қалаға ғана емес, бүкіл елді дамытып отырған мемлекеттерді әлемдік тәжірибеден білеміз.

лион турист тартуды мақсат етіп отыр. Басқармадан хабарлағандай, бұл жыл өнер мен гастрономия жылы деп жарияланғандықтан басты назар мәдениет пен гастротуризмді дамытуға аударылады. Мұндай шешім қабылдауға ықпал еткен негізгі факторлардың

бірі – екі маңызды мәдени нысанның ашылуы. Олар «Целинный» заманауи мәдениет орталығы және Almaty Museum of Arts. Бұл жобалар Алматыға жаңа мәдени және туристік бағыт-бағдар беріп, қаланың шығармашылық және туристік әлеуетін едәуір арттырады.

• Алматы туризм бюросының мәліметінше, кейінгі үш жылда Алматыда туристік ағын 34,2%-ға өскен. Ішкі туристер саны 20%-ға, ал шетелдік туристер саны 87,8%-ға артты. Туризм саласынан түскен салық түсімдері екі есеге өсіп, айтарлықтай көлемге жетті.

• 2022 және 2023 жылдары 24 тау маршруты абаттандырылып, 6 кемпинг аймағы құрылды. Ал 2024 жылы «Альпинград», «Титова» және «Терра алаңы» аймақтарында 3 кемпинг аймағы ашылды.

• Алматыда қазіргі уақытта 5615 нөмірі бар 37 қонақүйдің құрылысы жүріп жатыр. Олардың ішінде – 12 қонақүй (1477 нөмір) құрылыс сатысында, ал 25 қонақүй (4138 нөмір) жобалау кезеңінде. Құрылысты аяқтау бірнеше кезеңге жоспарланған: 10 нысан 2025 жылы, 15 нысан 2026 жылы, 12 нысан 2027 жылы пайдалануға беріледі.

• Mastercard деректеріне сәйкес, 2024 жылдың 11 айында Алматыдағы туристердің қанағаттану индексі 67-ге жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2,7%-ға артты. Туристер ерекше атап өткен негізгі факторлар – қауіпсіздік пен қызмет көрсету сапасы.



САЛЫҚ

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН
САЛЫҒЫНЫҢ
ӨСУІ
бөлшек саудамен
айналысатындарға
әсер етпейді

Қосылған құн салығын (ҚҚС) жоғарылату бойынша Үкімет реформасы қоғамда көптен бері талқыланып келеді. Кеше Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин көпшілікті алаңдатқан сауалға жауап берді.



– Бұл бастамалар (салық реформасы – ред.) аясында көптеген сарапшылар пайда болды, әртүрлі мәлімдемелер жасалды. Мысалы, кеше, қателеспесем, Қостанай немесе ШҚО-дағы үй жанындағы дүкен иелері өз пікірлерін білдірді.

Олар өңірлік кәсіпкерлер палатасымен кездесіп, «қосылған құн салығы» олардың соңғы нанын тартып алады деп алаңдаушылық білдірді.

Біз әрдайым халықпен жұмыс істейтіндердің – бөлшек сауда өкілдерінің, яғни үй жанындағы дүкендердің, дүңгіршектердің, шағын дүкендердің, мейрамханалар мен шаштараздардың бұл реформадан ешқандай зардап шекпейтінін мәлімдеп келеміз. Олар бұрын қалай бөлшек режимде жұмыс істеп, жылдық жиынтық табысы 2,4 млрд теңге шегінде 4% салық төлеп келсе, солай төлей береді. Олар үшін ештеңе өзгермейді. Бұл реформа бизнестің кей саласына ғана қатысты. Халықпен жұмыс істеп, базарда сауда жасайтындар, отбасын асырап отырғандар үшін ешқандай өзгеріс болмайды, – деді Серік Жұманғарин.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

СЕМИНАР

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТ ТІРЕГІ»

Қалалық Білім басқармасының ұйытқы болуымен Бостандық ауданындағы №40 бөбекжай-балабақшада «Ұлттық құндылық – ұлт тірегі» атты мектепке дейінгі мекеме қызметкерлеріне арналған семинар өтті. Семинарды ұйымдастырушылардың айтуынша, ұлттық құндылықтарды танып-білу балабақшадан бастау алу керек. Өйткені, әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан өзіндік құндылықтары бар. Бұл ретте халықтың қазынасы ол – тілі, діні, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері. Осынау ұлтымыздың рухани байлығын құрметтеу балабақшадан бастау алып жатса, бұл да сананың серпілгені болса керек.

Семинар барысында «дала академиктерінің», яғни біздің ата-бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесіне ертеден-ақ көңіл бөліп, қолданған өзіндік әдістемесі туралы кеңінен сөз болды. Әрине, ол – ұлттық тәрбие. Халқымыздың ұлттық тәрбиесі – теңдесі жоқ тәрбие құралы екені сөзсіз.

Сондықтан балабақша әдіскерлері баланы жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеп, елімізді, жерімізді, дініміз бен тілімізді құрметтей білуге баулу үшін осы ұлттық тәрбиені қолдану қажет екенін баса айтты.

Ұлттық құндылықты құрметтеген ұрпақтың күні ертең Отанын сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі, рухы биік парасатты азамат болып шығары сөзсіз. Ол үшін ұлттық құндылықтарымызды басшылыққа алу қажет. Оның маңыздылығы мен қажеттілігі зор.

Біз үшін ұлттық ерекшелігіміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтау – қымбат қазына. Семинарды ұйымдастырушылар мен қатысқан қонақтар пікірі осылай тоғысты. Балабақша ата-аналары да мағыналы басқосудан көп ой түйгендерін айтып, алғыс білдірді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ұлжан БАТЫРБАЕВА,
қалалық Білім басқармасының бас маманы:

ЕҢ АУҚЫМДЫ ШАРА

Аталмыш шара «Біртұтас ел» бағдарламасы аясында өтіп жатыр. Бұл осы бағытта өткізіліп отырған ең ауқымды шара. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған семинарға қаламыздағы 31 мемлекеттік бөбекжай-балабақшаның әдіскерлері қатысты. Негізгі мәселе – ұлттық құндылықты бала санасына қалай жеткізіп, үйрету керек екені сөз болды. Бұған қоса, шеберлік сабақтары да өтіп жатыр. Әдіскерлер кері байланысқа шығып, пікір алмасты. Мұндағы басты ерекшелік – ұлттық құндылықты бала санасына ойын түрінде жеткізу.

Сәуле АҚЫЛБЕКОВА,
№40 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

БАЛАЛАРЫНЫҢ НЕМЕН АЙНАЛЫСАТЫНЫН
БІЛІП ОТЫРАДЫ

Халқымыздың «Тәрбие басы – талбесіктен» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Әрине, болашақ ұрпақтың өнегелі болып қалыптасуы көп жағдайда жастайынан берілген тәрбиеге байланысты болады. Сондықтан балабақша тәрбиешілеріне жүктеліп отырған міндеттің өте ауқымды екенін айтқым келеді. Өнегелі ұрпақ – ұлттың тірегі десек, мен ұлттық құндылық негізі балабақшада дер едім. Жалпы, ұлттық құндылық туралы бір оқу іс-әрекетінде бәрін қамтып шығу мүмкін емес. Сондықтан біз барлық 6 топта да өткізу үшін жылдық жоспарымызға енгізіп отырмыз. Бұл ретте ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу керек. Қазіргі балалар өте зерек. Айтқаныңызды бірден қабылдап, қағып алады. Олардың зерттеп, зерделеу қасиеттері де ерекше. Сондықтан балабақшадан үйренген тәлім-тәрбие отбасында жалғасып жатса деймін. Біздің балабақшада ғана «Тәй-тәй бағдарламасы жүргізіледі. Ата-аналар әрбір топтың жұмысына қатысып, балаларының немен айналысатынын біліп отырады.

БРИФИНГ

«ЖӘУТІКОВ» ТАНЫТҚАН
ЖҮЙРІКТЕР

Биыл Жәутіков олимпиадасының елімізде өткізіле бастағанына тура 20 жыл толып отыр. Аталмыш олимпиада алғаш рет Алматы қаласында 2005 жылдың қаңтарында Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен өткізілген еді. Осынау жылдар ішінде табысы тасқындап, талай есепке жүйрік баланың бағын ашты. Жеңіске жеткен жеңімпаздар қалаған оқу орындарына түсіп, арнайы гранттың жемісін көрді. Бастапқыда физика-математика мектебінің базасында математика, физика пәндері бойынша ғана өтетін білім бәсекесіне информатика пәні қосылып, ауқымы кеңейді.

Осынау білім бәсекесінің арқасында әлемнің алғыр балалары жыл сайын Алматыда бас қосып, ұлы достық салтанат құрды. Бүгінде білім бәсекесі арқылы достықты дәріптеген Жәутіков олимпиадасының дақпырты шартарапқа тарады. Оған әлемнің 40-қа жуық мемлекеті тұрақты қатысушыға айналды. Жалпы, бірде-бір мемлекетте білімнің патшасы атанған математика, ақыл-ойдың кені болған физика, талантарды танытатын информатика сынды үш бірдей күрделі пәннен өтетін олимпиада жоққа тән. Жәутіков олимпиадасының басты ерекшелігі де осында.

Биылғы халықаралық Жәутіков олимпиадасында Алматы қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің оқушылары үздік нәтижеге қол жеткізіп, 2 алтын, 5 күміс және 10 қола медальді иемденді. Ал командалық есеп бойынша осымен екінші жыл қатарынан 3-орынды иеленіп отыр. Осыған орай, Өңірлік коммуникациялар қызметі орталығында брифинг өтіп, онда Алматы және Астана республикалық физика-математика мектебі-

нің математика бойынша олимпиадалық резерв жаттықтырушысы Бақыт Мамышев олимпиадаларға дайындық әдістері мен олимпиадалық резерв мектептеріндегі оқыту ерекшеліктері туралы айтты.

«Олимпиаданың тағы бір ерекшелігі – оның жүйелі мен тапсырмаларының мақсатты дайындалуында. Жалпы, бір пәнді өздігінен зерттемей жетістікке жету қиын. Кейбіреулер жеке дайындалғанды таңдайды, бірақ бұл уақытты дұрыс пайдаланып, шешімдерді талдауды талап етеді. Ал енді біреулерге мұғалімдер мен құрдастары қолдау көрсететін топта жұмыс істеген оңайырақ. Тәжірибе артқан сайын, өзін-өзі дайындау тәсілі тиімдірек болады», – дейді Бақыт Мамышев.

Атақты «Физ-мат» мектебі 1972 жылы академик Орынбек Жәутіковтің қолдауымен құрылды. Өзінің жарты ғасырлық тарихында мыңдаған дарынды түлектерді тәрбиелеп шығарды. Олардың қатарында ғалымдар, мемлекеттік қайраткерлер мен табысты кәсіпкерлер бар. Қазір бұл мектептің Алматы, Астана және Орал қалаларында үш филиалы бар.



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨҢІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІ
РЕГИОНАЛЬНАЯ СЛУЖБА КОММУНИКАЦИЙ ГОРОДА АЛМАТЫ
REGIONAL COMMUNICATIONS SERVICE OF ALMATY CITY

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Нұрбану ҚАБЫЛОВА,
РФММ оқу жұмыстары жөніндегі директордың
орынбасары:

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ
ЕМТИХАН ЕНГІЗДІК

Аталмыш мектептің оқу бағдарламасы физика мен математиканы тереңдетіп оқытуға бағытталған. Сонымен қатар, информатика, бағдарламалау, жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді де қамтиды. Қала әкімі Ерболат Досаев та осы мектептің түлегі екенін біз әрқашан мақтан тұтамыз. Қазіргі таңда қала басшысының қолдауымен бірнеше инфрақұрылымдық жоба жүзеге асырылып жатыр. РФММ түлегі ретінде ол қаланы дамыту мен тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға белсенді атсалысуда. Мектеп оқушылары олимпиадаға дайындыққа ерекше назар аударады. Олар олимпиадалық резерв мектептерінде оқып, халықаралық жазғы лагерлерге қатысады. РФММ-ге қабылдау үшін сынақ тестілерін тапсыруға мүмкіндік алады. Биыл 7-сыныпқа қабылдау үшін жаңа форматтағы емтихан енгіздік, онда математика бойынша білім ғана емес, логикалық ойлау да ескеріледі. Мәселен, 2024 жылы 7000 өтінім түссе, биыл 3500 үміткер тіркелді. Өтініш саны 3 сәуірге дейін өсері сөзсіз.





«ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН КӘСІПҚОЙЛЫҚ ИДЕЯСЫ»

Қоғамда адал еңбек пен жауапкершілік міндетті түрде бағаланады


Мемлекет басшысының тапсырмасына орай кәсіптік білім беру жүйесінде соңғы жылдары үлкен реформалар жүргізіліп жатыр.

Президент тұжырымдағандай, «жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек құрметке ие. Ең бастысы, әрбір азамат өз міндеттерін адал, терең жауапкершілік сезімімен орындаса, біздің ел прогресс жолында биіктерге жетеді».

Бүгінде елімізде «WorldSkills» халықаралық қозғалысы, «Жас маман» бағдарламасы бойынша колледждердің оқу-материалдық базасын нығайту, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруды енгізу, «Педагог мәртебесі» туралы заң, оқытуда модульдік-құзыреттілік тәсілді қолдану, білім беру бағдарламаларын игеру сапасын бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін енгізу, педагогтардың жалақысын арттыру, студенттердің шәкіртақысын өсіру, колледждерде мамандықтарға сай құзыреттілік орталықтарын іске қосу сияқты қадау-қадау мәселелер іске асып жатыр.

Кәсіптік білім беру реформаларының маңыздылығын атап өткен Президент биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды жүзеге асыру қажет. Бұл қоғамда еңбекқорлық пен кәсіпқойлық идеясын ілгерілетуге жәрдемдесетін болады. Әрине, қоғамда ең алдымен адал және жауапты жұмыс міндетті түрде бағаланады деген түсінік қалыптасуы керек. Бұрын марапаттар мұғалімдерге, дәрігерлерге және мәдениет қайраткерлеріне ғана арналып келді. Ендігі жерде Мемлекет басшысы еліміздің бәсекеге қабілетті экономикасы мен үдемелі ілгерілеуін қалыптастыру үшін жұмысшы кәсіптері мен түрлі сала мамандарының беделін дәйекті түрде арттыру қажеттігіне маңыз берді.

Алматы автомеханика колледжінің инженерлік-педагогикалық ұжымы Президент тапсырмаларын орындаудың өзектілігі мен қажеттілігін басшылыққа ала отырып, болашақ мамандарды даярлауда сапа мен жауапкершілік және біліктілік қағидаттарына сүйенеді.



(Суретті түсірген автор).

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Темірбек РАХМАНОВ,
Алматы автомеханика колледжінің директоры:

Модульдік-құзыреттілік бағдар

Колледждің тарихы құрылыс саласының білікті жұмысшы кадрларын даярлауға қалалық кәсіптік техникалық училищенің ашылуынан басталады. Бұл – өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңы. Сол кездің өзінде мемлекет құрылысына аса қажет краншы, жүргізуші, автокөлік слесары, ағаш ұстасы сияқты жұмысшы мамандарды даярлаған екен. Талай белестен өткен оқу орны Алматы қаласы әкімдігінің шешімімен 2013 жылдан бастап, «Алматы автомеханика колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып өзгертілді.

Бүгінгі таңда колледж «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану», «Дәнекерлеу ісі», «Токарлық іс және металл өңдеу» сынды мамандықтар бойынша мамандар даярлап жатыр. Колледжде 800-ден астам студент оқиды. Оқыту модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде жүргізіледі. Біз дуалды оқыту жүйесі негізінде серіктес кәсіпорындармен өндірістік және кәсіптік тәжірибе бойынша ынтымақтастық негізде жұмыс жасап жатырмыз. Колледждің оқу-материалдық базасы «Жас маман» бағдарламасына сәйкес машина жасау бағыты бойынша заманауи жабдықтармен жабдықталған. Жыл сайын Алматы қаласының әкімдігі еңбек нарығы мен әлеуметтік әріптестердің талаптарына сәйкес колледждің қолда бар материалдық базасын жетілдіруді жүргізіп келеді.

Колледж ұжымы тиісті санаттары мен білімі бар мықты инженерлік-педагогтардан тұрады. Бұл тұрғыда колледж педагогтары қалалық және республикалық деңгейде біліктілікті арттыру курстарынан өтіп отырады.

Алматы қаласы әкімдігінің бастамасына сәйкес арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері үшінші жыл қатарынан экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің оқу орталықтарында халықаралық тағылымдамадан өтуді жалғастырып жатыр.



(Суретті түсірген автор).

МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

Мемлекет басшысының биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы – ел дамуының маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл бастама қоғамдағы жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыруға, жастарды кәсіптік білімге ынталандыруға және еңбек нарығының сұранысына сай мамандарды даярлауға бағытталған.

Өндірістің цифрлық дәуірге қадам басуы, жасанды интеллект пен автоматтандырудың кең таралуы кәсіби дағдыларды үнемі жетілдіруді талап етеді. Егер біз елімізді әлемдік технологиялық көшбасшылардың қатарына қосуды қаласақ, ең алдымен, жоғары білікті техникалық мамандарды даярлауымыз керек. Сондықтан 2025 жылдың «Жұмысшы мамандықтары жылы» болып жариялануы – уақыт талабына сай қабылданған стратегиялық шешім.

Әлеуметтік көзқарасты өзгертудің уақыты жетті. Қоғамда «Жоғары білім алу – табысты болашақтың кепілі» деген біржақты пікір қалыптасқан. Бірақ шын мәнінде, кәсіптік-техникалық білім алған мамандар еліміздің экономикалық дамуына теңдей үлес қосады, ал көптеген салаларда олардың рөлі тіпті маңыздырақ. Энергетика, құрылыс, өндіріс, көлік, ақпараттық технологиялар және басқа да салалар жұмысшы мамандарсыз дамымайды. Бүгінде шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары білікті жұмысшылардың еңбекақысы кейбір кеңсе қызметкерлерінен әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Бұл қоғамда жұмысшы мамандықтарына деген көзқарасты түбегейлі өзгерту қажеттігін дәлелдейді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Бағдәулет АБЫЗБАЕВ,
Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі КМКҚ директорының міндетін атқарушы:

Маңызды кезең

Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі – еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі. Біздің басты міндетіміз – өнеркәсіптік революция жағдайында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау.

Колледжімізде білім беру үрдісі еңбек нарығының заманауи талаптарына толық сәйкес келеді. Біз тек теориялық білім беріп қана қоймай, студенттерімізді нақты өндірістік жағдайларға дайындаймыз. Осы мақсатта кәсіпорындармен серіктестікті кеңейтіп, заманауи зертханалар мен өндірістік алаңдарда тәжірибелік сабақтар ұйымдастырамыз.

Колледж энергетика, электронды техника, автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және басқа да маңызды салалар бойынша мамандар даярлайды. Біздің түлектеріміз – Қазақстан экономикасының қозғаушы күші. Біз өнеркәсіптің озық компанияларымен тығыз байланыс орнатып, студенттерімізге заманауи жұмыс орындарында тағылымдамадан өту мүмкіндігін ұсынамыз.

Еліміздің болашағы – білікті, тәжірибелі, еңбекқор мамандардың қолында. Біз жастардың кәсіптік-техникалық білім алуын ынталандыру арқылы олардың болашақта тұрақты жұмысқа орналасуына, лайықты табыс табуына және өз мамандығы бойынша даму мүмкіндігіне ие болуына жол ашамыз.

Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжі жастарға сенімді болашақ сыйлайтын білім ордасы ретінде бұл бастаманы толықтай қолдайды. Біз өз студенттеріміздің тек білікті маман ғана емес, ел дамуына үлес қосатын кәсіби шеберлер болып қалыптасуына бар күшімізді саламыз. 2025 жылғы «Жұмысшы мамандықтары жылы» – кәсіптік білім беру жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік беретін маңызды кезең. Бұл жыл техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді. Біз бұл өзгерістердің алдыңғы қатарында болуға дайынбыз.

ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Биылғы жыл елімізде «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл шешім еліміздің экономикасының, өнеркәсібі мен өндірісінің негізі болатын мамандықтардың ерекше назарда екенін көрсетеді.

Бүгінде жұмысшы мамандықтары қоғамда маңызды орын алады, өйткені олар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және халықтың әл-ауқатын жақсартуға тікелей әсер етеді. Жұмысшылар кез келген қоғамның тірегі болып табылады. Олар өндірістің жүрегі, ал адамдардың еңбек қызметі – ел экономикасының басты жүйесі.

Елімізде жұмысшы мамандықтарының маңызы артты. Жаңа технологиялар мен цифрлық инновацияларды енгізу, автоматтандыру мен роботизациялау саласындағы жетістіктер бұл мамандықтардың жаңаруына, түрленуіне ықпал етіп отыр.

Еңбек нарығында басқару, ұйымдастыру, зерттеу, кеңсе беру сияқты қызметтерден тұратын жұмыс бағыттарына жұмыс іздеушілердің көптігін көріп отырмыз. Дегенмен, қоғамда жұмысшы мамандықтары да жоғары сұранысқа ие, олардың табысы да тұрақты сана-

лады. Осы мақсатта жұмысшы мамандығына жастарды тарту, олардың білімін жетілдіру, кәсіби дағдыларын арттыру – басты міндет. Жастардың қызығушылығын арттыру үшін оқыту жүйесін қайта қарау, жастарға кәсіби бағдар беру, арнайы курстар мен тренингтер өткізу қажет. Өндірісте жүріп, жетістікке жеткен тұлғаларды жиі насихаттап, олармен жастардың тікелей жүздесуін, ақыл-кеңес, тәжірибе алмасуын ұйымдастырған жөн.

Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын дамыту үшін арнайы бағдарламалар да қабылданып жатыр. Мысалы, «Серпін» бағдарламасы аясында ауыл жастарын техникалық және кәсіби біліммен қамту жолға қойылды. Сонымен қатар, жұмысшы мамандықтарын оқытатын колледждер мен оқу орындарының саны көбейіп, оларда заманауи жабдықтар мен тәжірибелі ұстаздар жұмыс істей бастады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Жанболат СМАНҰЛЫ,
Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінің директоры:

Ел экономикасының қозғаушы күші

Қазіргі таңда жұмысшы мамандықтарының табиғаты өзгерді десек, артық емес. Себебі, жоғары технологиялық өндірістер мен инновациялық шешімдер жұмысшы мамандықтарының жұмыс істеу үрдісін өзгертті. Мәселен, дәнекерлеуші мамандығы роботтандырылған қондырғылармен жұмыс істеуге, токар мамандығы 3D принтерлермен және цифрлық басқару жүйелерімен жұмыс істеуге көшті. Сондықтан бұл мамандықтар жоғары біліктілікті және жаңа дағдыларды қажет етеді. Әрине, ең алдымен жұмысшы мамандықтары – ел экономикасының қозғаушы күші. Әсіресе, қазіргі экономикалық дағдарыс кезеңінде, елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде өте маңызды рөл атқарады.

Өндіріс, құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларындағы жұмысшылар ел игілігі үшін елеулі еңбек етіп жатыр. Құрылысшы, металлург, энергетик, агроном, механизатор секілді мамандардың қызметі қоғамның барлық саласына әсер етеді. Тұрмыс қажеттілігін қамтамасыз ететін салалар – аспазшы, тігінші, шаштараз мамандықтары заман талабына сай сәт сайын жаңара түсуде. Осы салалардағы еңбеккерлердің біліктілігі мен кәсіби дағдыларын үнемі арттырып отыру – ең алдымен ел экономикасының дамуына және қуаттануына тікелей ықпал етеді.

Жұмысшы мамандықтары жылының жариялануы – еліміздің болашағы үшін маңызды қадам. Мақсат – жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру, жұмысшы мамандықтарының имиджін көтеру және жастарды осы мамандықтарға тарту, қоғамда жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын түсіндіру, сонымен қатар кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру. Тек осындай кешенді шаралар арқылы ғана біз қоғамды тұрақты дамытып, өндіріс саласын алға жылжытамыз.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Серік ҚАЛЫМБАЕВ,
Кеңес Одағының 11 дүркін чемпионы:

АЛМАТЫНЫҢ «ДИНАМОСЫ»

Еуропалық чемпиондар кубогын екі мәрте жеңіп алған жалғыз команда

Жазғы хоккей жасағының аты аңызға айналған жартылай қорғаушысы Серік Қалымбаевты бүкіл КСРО жанкүйерлері жақсы таниды. Ол – Кеңес Одағы Кубогының 5 дүркін жеңімпазы, Еуропа чемпиондары кубогының 2 мәрте жеңімпазы, Кеңес Одағының 11 дүркін чемпионы. Кеңес Одағы тарағаннан кейін ол Италияда өнер көрсетті. Сосын спорттағы мансабын аяқтап, кейін басқа салаға ауысты. Араға он жыл салып, хоккей оның жүрегінің қалауы екенін түсініп, сүйікті саласына қайтып келді. «Жылдар бойы іздегенімді таптым» дейді өзі де...

Халық даналығында «мандайыңа, пешенеңе жазылғанды көресің» деген тәмсіл бар. Дәл сол мандайға жазылғанды көру Серік Ахметұлына да бұйырыпты. Өзіндік дәстүрі қалыптасқан спорт түрінің бірі болса да Одақ ыдырағаннан кейін допты хоккей мен көгалдағы хоккейдің дәуірі тоқтайды. Алматының «Динамо» командасының КСРО чемпионатында 19 рет жеңіске жетіп, екі рет Еуропа чемпиондары Кубогының иегері атануының өзі көп нәрседен мағлұмат берсе керек. Көгалдағы жазғы хоккейден Саян Шаймерденов жетекшілік еткен әйелдер құрамасы ғана болды. Бірақ ол қайтыс болғаннан кейін ұлттық құрама да, клуб та тарайды. Бес жыл бойы спорттың бұл түрі ұмыт қалды.

Секең бірде «Prosport» газетінің редакторы Геній Төлегеновпен кездейсоқ кездесіп қалады. Бір кесе шай үстіндегі әңгімеде екеуара осы спорттың мән-жайын аз-кем сөз етеді. Араға бір апта салып басылымның бірінші бетінде Серік Ахметұлының пікірі жазылған проблемалық мақала шығады. Бір апта өтпей оған кәсіпкер әрі әріптесі Берікқазы Сексенбаев қоңырау шалады. Ол жарияланған мақаланы оқығанын және бұл мәселені талқылау керектігін, көгалдағы хоккей спортының құрып бара жатқанын айтып, осы мәселе төңірегінде кеңесуді ұсынады. Осылайша осы спорт түрінің қайта жандануына негіз қаланған еді. Біз кейіпкерімізбен жүздескенде спорттың осы саласының бүгінгі жай-күйі, ертеңі жайлы әңгіме өрбіткен едік.

Қираған дүниені қалпына келтіру – қиынның қиыны

– Бұл саланы қайта жаңғырту бағытындағы алғашқы қадамдарыңыз қандай болды?

– Ең әуелі басқару органын құру қажет болды. Нұрлан Ысқаков, Берікқазы Сексенбаев, Амид Мұратов сияқты азаматтармен жұмыс жоспарын құрып, ақырындап іске кірісе бастадық. Қираған дүниені қалпына келтіру қиынның қиыны әрине. Өңірлерде спорттың бұл түрін қайтадан тиісті деңгейге көтере алатынымызға сенім білдіргендер аз болды. Бірақ біздің ұмтылысымыз, ынта-жігеріміз бен табандылығымыз көтерілмейтіндей көрінген «тасты» жылжытуға



мүмкіндік берді. Бұл ретте жергілікті әуесқойлар мен спорт әуесқойларына алғысымыз зор.

Бүгінде Талдықорған қаласында барлық талапқа жауап беретін жалғыз спорт аренасы бар. Алаңға жасанды шөп жамылғысы жайылды. Республикада мұндай алаңдар көп деп айтылады. Солай да шығар. Бірақ ол таза футбол алаңдары. Біздің спорт алаңында шөп қысқа, тақырлау болуы керек. Мысалы, Голландия, Германия, Бельгия сияқты Еуропа елдерінде, Австралияда жүздеген хоккей алаңдары бар. Мұндай алаңның көптігі жақсы нәтиже берері анық. Сол себепті, аталған елдің спортшылары үнемі алдыңғы қатарда. Қазір Чили, Канада, АҚШ, Франция өкілдері жазғы хоккейде ілгерілей бастады. Олар да инфрақұрылымды дамытуға басымдық беріп отыр. 8–10 аренасы бар бұл елдер рейтингте жоғары позицияларға көтерілуге мүмкіндік алды. Егер бізде допты хоккей алаңдары көбейсе, біз де жүлдегерлер сапынан көрінер едік.

– Байқауымша, қазіргі уақытта Еуропа елдерінің спортшылары алдыңғы шепке шығып кеткен сияқты. Кезінде Азия елі өкілдері көбірек еді...

– Әлемдік рейтингте Үндістан мен Пәкістан біріншілікті бермей келеді. Үндістер Олимпиада ойындарының 8 дүркін чемпионы. Әлбетте, құлдырап кеткен кездері де болды. Десе де, қайтадан жеңіс тұғырына көтеріле алды. Парижде өткен соңғы Олимпиадада қола жүлдеге ие болды. Голландия құрамасы жеңісті қолдан бермеді. Біз бір кездері голландықтармен тең ойнағанбыз. 1982 жылы динамостылар Еуропалық чемпиондар Кубогының актық мәресінде «қызғалдақтар» елінің өкілдерімен кездескені есімде. «Динамо» құрамасы хоккейден бірнеше дүркін чемпион атанып келген Голландияны екі мәрте ұтып кеткені бар. Сол жылдары Голландия елі допты хоккейдің әлемдік көшбасшылары саналатын және оның құрамында негізінен ұлттық құраманың мүшелері өнер көрсетті. Біз оларды 1982 жылы 4:3 есебімен жеңсек, тағы бір маусымда 4:2 есебімен шаң қаптырдық. Голландықтар не істерін білмей, абдырап қалған еді. Алматының «Динамо» осы күнге дейін Еуропалық чемпиондар кубогын екі мәрте жеңіп алған жалғыз Кеңес командасы болып қала береді.

– «Динамо» құрамасының ішіндегі ең шебер ойыншы деп кімді айтар едіңіз?

– Екі ойыншыны атап өтуге болады. Соның бірі – клубтың алғашқы аңызы Мұрат Жексенбеков. Оның хоккей таяғын ұстауының өзі бөлек-тін. Құраманың соңғы қорғаушысы болды. Ол КСРО чемпионатында 19 мәрте жеңіске жеткен «Динамоның» жалғыз хоккейшісі. Тағы бір мықты спортшы Олег Загороднев. Үнемі шешуші голдарды соғатын Олегті бомбардир деуге болады.

– Сіз де жартылай қорғауда ойнап, спорттық мансабыңызда 58 гол соғыпсыз.

– Мұндай статистиканың қайдан шыққанын білмеймін. Бірақ өзімнің есептеуім бойынша бұдан да көп гол салдым-ау.

– Хоккейде орындалмай қалған арманыңыз бар ма?

– Әр спортшы Олимпиада ойындарына қатысуды армандайды. Мен КСРО құрамасы сапында 1980 жылы өтетін Олимпиадаға дайындалдым. Өкініштісі, құрамаға кірмедім. Мүмкін тым жас болдым ба, әлде дайындығым аз болған шығар. Біздің команда төртжылдықтың басты додасының қола жүлдегері атанды. Сол команданың құрамында Алматыдан 7 динамосты болды. Осыдан кейін мен КСРО құрамасының жиындарына шақыртыла бастадым.

«Достық – 84» жарысының алтын медалін иелену мен үшін аз да болса жұбаныш. Бұл жарыс Лос-Анджелестегі (АҚШ) Олимпиадаға бойкот жариялаған социалистік лагер елдерінің арасында өтті. Мен Сеулде өткен 1988 жылғы Олимпиада ойындарына да дайындалдым. Бірақ Михаил Осинцев бастаған жаттықтырушылар штабы мені тағы да Оңтүстік Кореяға баратын үміткерлер тізімінен алып тастады.

– Федерацияның қызметі туралы айта кетсеңіз. Ұйымдастыру жұмысында ілгерілеу бар ма?

– Аз уақыттың ішінде біздің әйелдер құрамасы рейтингте 70-ші орыннан 30-шы орынға көтерілді. Біз индор-хоккейінде үлкен жетістіктерге жеттік. Қыздарымыз Азия кубогының бес дүркін чемпионы. Олар әлем чемпионаттарында төрт рет өнер көрсетті. Индор-хоккей бойынша ерлер арасында да жетістіктер бар. ҚР құрамасы Сары құрлық Кубогының финалында үш рет ойнады. Сондай-ақ, әлемдік біріншілікте екі рет ел атынан қатысты. Мұның барлығы біздің дамып келе жатқанымыздың белгісі. Қазіргі уақытта республикада 12 өңірлік федерация жұмыс істейді. Олардың құрамында төрт клуб бар. Балалар мен ересектер командалары арасында ел чемпионаттары өтуде. Ең бастысы, хоккейге қызығушылар қатары көбейде. Тараз, Талдықорған, Шымкент, Алматы, Орал мен басқа да қалалардың тұрғындары олимпиадалық спорт түріне түсіністікпен қарайды. Мысалы, еліміздегі ең ірі мегаполистің әкімдігі №2 ЖМДБ жанынан көгалдағы хоккей бөлім шешін ашты. Мұның өзі үлкен жетістік. Тәжірибе көрсеткендей, өз шеберліктерін шындап, әртүрлі жастағы ұлттық командаларды толықтырып жатқан жасөспірімдер аз емес. Біз хоккей таяқшасын шығармаймыз. Оны Еуропадан әкелеміз. Қымбат. Бірақ жекелеген азаматтар қолдау білдіріп жатады, алғыс айтамыз оларға.

Жақында алматылық жас хоккейшілер Бельгиядан сыйлықпен оралды. Сыйлыққа хоккейшілердің керек-жарағы бар сөмкелер берілді. Бұл сыйлықты ерлі-зайыпты Фукс-Леонель мен Ирина жіберді. Ирина бұрынғы алматылық. Олар жазда Қазақстанда демалған еді. Сол уақытта олардың балалары спорт мектебінде оқыды. Елден кетіп бара жатып: «Біз сіздерге көмектескіміз келеді», – деп еді. Қазір Бельгия Федерациясымен хат алмасуды бастадық. Олардың өкілдері қазақстандық жаттықтырушыларды оқытуға ниет білдіріп отыр. Елдеріміз арасындағы бұл ынтымақтастық республикадағы көгалдағы хоккейдің дамуына ғана емес, Қазақстан мен Бельгия арасындағы дипломатиялық қатынастарды да жақсартта түспек. Жас ойыншыларымыздың қуанышында шек жоқ. Осындай көңіл-күй сыйлай білген Фукс отбасы мен Бельгия елшілігіне үлкен алғысымызды білдіреміз!

– Болашақта Қазақстан құрамасының Олимпиада ойындарына қатысуға мүмкіндігі бар ма?

– Әлбетте, олимпиадаға қатысу мүмкіндігі әркез бар. Ол үшін тынымсыз еңбек керек. Сөзім дәлелді шығу үшін көгалдағы хоккей федерациясының қазіргі президенті Берікқазы Сексенбаевтың сөзін келтіргенім дұрыс болар. Сұхбаттарының бірінде ол: «Спортта біз мықтымыз. Дені сау ұлттың әрі амбициямыз да жоғары. Жеңіске жету үшін талмай еңбек ету керек», – деген еді.



Сұхбаттасқан
Әлім АНАПИЯНОВ.





ЕЛ ЕСІНДЕГІ ЕСІМДЕР

Медеу тарихынан:

АЛМАТЫНЫҢ ИНЖУ-МАРЖАНЫ

Бұл шатқалда XIX ғасырда өмір сүрген Медеу Пұсырманов Верный бекінісінің губернаторы, генерал Герасим Колпаковскиймен жақын достық қарым-қатынаста болған деседі. Әскери бекініс басшысы бұйрық шығарып, соған сәйкес Пұсырмановқа отбасымен бірге осы аумаққа ие болып, өз қалауы бойынша билік ету құқығы берілгені жайлы дерек бар. Ол 1908 жылы қайтыс болды.

Аймақта ағаш үйлер Пұсырмановтың кезінде тұрғызылған. Шатқал Пұсырмановтың көзі тірісінде-ақ «Медеу» атала бастады. Бірақ орыс транскрипциясында «Медеу» деген атау осы жердегі алғашқы демалыс аймағының негізін қалаушылардың бірі – комиссар Димитрий Фурмановтың бұйрығынан кейін пайда болған екен. Аумақ сол кезден бастап-ақ, биліктегілер, қарапайым адамдар емделуге әрі демалуға жиі келетін аумаққа айналған. Таудың таза ауасы мен қымызбен емдеу – кез келген адамның денсаулығына оң әсерін берген.

Әлемге әйгілі мұз айдыны ашылғаннан бері мұнда жүз елуден астам әлемдік, континенттік және республикалық рекордтар орнатылды. Бұл әңгімені Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы дене шынықтыру және спорт комитетінің белді қызметкері Қасым Ильяшевтің өз аузынан естігенім бар. Ол тағы бір кездескенде мына бір әңгімені тілге тиек еткен еді: «Соғыстан кейінгі жылдары ел ақырындап қалпына келе бастаған кезең.

Спорттың дамуы әлемдегі алғашқы социалистік держава үшін өзекті мәселе болғаны соншалық, Кремль Кеңес Одағының коньки тебушілері басқа спорттық державалардан әлдеқайда артта қалды деп алаңдай бастады.

Американдықтар, голландиялықтар мен скандинавиялықтар бізден біртабан озық тұруының басты себебі – оларда биік таулы мұз айдындары болды. Осылайша Үкімет таулы аймақта арена салуға орын қарастыру үшін комиссия жіберуге шешім қабылдайды. Зерттеушілер Закавказье, Украина, Ресейге барады. Бірақ еш жерден ондай жер табылмайды. Соңғы инстанция Алматы мен Алматы облысы болыпты. Қазақстан КП ОК өкілдері «Медеу» шатқалына қонаққа барады. Шымбұлаққа дейін жаяу жүреді. Сөйтіп, қазіргі уақытта мұз айдыны орналасқан алаңға кеп жайғасады. Біраз аялдайды. Шамалы дастархан басында отырған соң қонақтардың бірі футбол ойнауды ұсынды.

Біраздан соң тағы бір мәскеулік маңдайындағы терін сүртіп тұрып: «Осы жердің

жоспарын құрып, мұз аренасын осында ашсақ дұрыс болады деп ойлаймын», – деді. Меймандар бұл ұсынысқа орай ұзақ дауласпастан, бас изесті. Біз қалаға барып, қазақстандық сәулетшілерге тапсырма бердік. Олар тез мағлұмат-деректер жинап, қажетті зерттеулер жүргізіп, нәтижесін Мәскеуге жіберді. Рұқсат қағаз да көп кешіккен жоқ, 1949 жылы Медей мұз айдынының құрылысы басталып кетті. Партия басшылары «Медеу» мұз айдыны бірден рекордтар орнататын алаңға айналады деп ойлаған да емес. 1951 жылы 4 ақпанда Бүкілодақтық жарыстар өтіп, алғашқы нәтижелерге қол жеткіздік. Біртіндеп Медеу «әлемдік рекордтар ұстаханасына» айналды. Алаңдағы мұздың сапасы да жоғары еді. Әрине, бастапқыда бұл нәтижеге сенбегендер де болды. Бұл құбылысты зерделеуге тек конькишілер мен спорт мамандары ғана емес, тіпті ғалымдар да жиналды. Барлығын аландатқан бір-ақ нәрсе: айдындағы мұздың бірегейлігі неде? Бұл аймақтың құпиясы – таудың таза суының әсері еді.

2025-2027

жылдары Алматыдағы «Медеу» мұз айдыны күрделі жөндеуден өтетіні

қуанышты. Жаңғырту жұмыстары әлемге әйгілі нысанның тарихи келбетін сақтай отырып, жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылып, Алматы қаласын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы аясында жүзеге аспақ екен. Шаһардың спорттық және туристік басты құндылықтарының бірі халықаралық стандарттарға сәйкестендіріліп, инфрақұрылымы жаңартылып, конькимен жүгіру және мәнерлеп сырғанау сияқты халықаралық жарыстарды қабылдай алатын деңгейге жеткізілімек. Спорт кешенінің айналасында жаңа аллеялар мен серуендеу маршруттары пайда болатыны алматылықтар үшін де, қаламызға келуге асыққан туристер үшін де қуанышты жаңалық.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында экранға әйгілі Шәкен Аймановтың «Тақиялы періште» көркем фильмі шықты. Бұл туынды қазақ кинематографиясының жауһары. Фильмде спорт туралы кішігірім көрініс бар. Оқиға осы «Медеу» мұз айдынында өрбиді. Режиссердің идеясы бойынша басты кейіпкердің анасы Әмина Өмірзақова ұлына қалыңдық іздейді. Оқиға жарыстар өтіп жатқан спорттық аренада болады. Актрисаның таңдауы жарысқа қатысып жатқан конькимен жүгіруші қызға түседі. Конькишінің ролінде – қаламыздың байырғы тұрғыны, белгілі қазақстандық жүгіруші Кеңес Одағы құрамасының мүшесі Людмила Воронина. Оны Шәкен Аймановтың өзі іздеп тапқан екен.

Бірде орталық стадионда конькимен жүгірушілер жарысы өтіп жатқанда, Шәкен спортшыларға жақын келіп: «Қыздар, біз фильм түсірмекшіміз. Фильмді көрген адам, Олимпиадаға қатысуға асығатындай болуы керек. Араларыңызда өз басынан өткерген қызықты оқиғалар жайлы айтатындай ма?» дейді. Сол сәтте: «Біздің арамдыда тек химиктер бар», – деп жауап беріп, режиссердің көзіне түскен де Қазақ мемлекеттік университеті Химия факультетінің студенті Людмила Воронина еді. Режиссердің оң шешім қабылдауына негіз болған кейіпкер әңгімесінің желісі былайша өрбіген екен: «Медеу» биік таудағы мұз айдынында Гренобль Олимпиадасына кеңестік жылдам жүрушілердің іріктеуі өтті. Францияға жолдама алу үшін көпсайыста жүлдегер атану керек еді. Бірақ қардың еруіне байланысты басталуы он сегізде болуы керек жарыс белгісіз уақытқа кейінге қалдырылды. Жарыстың ашылуын бәріміз тағатсыздана күттік. Бірақ уақыт өтіп жатты, ұйымдастыру-

«ТАҚИЯЛЫ ПЕРІШТЕ»:

Олимпиада, допинг және Шәкен Айманов



шылар еш асықпады. Құрамында өзім бар, алматылық конькимен жүгірушілерді қолдауға менің оқу орнымның өкілдері келді. Тіпті, арасында деканымыздың өзі де бар. Олар да бізбен бірге стартты асыға күтті. Түн ортасынан кейін мен жүгіру жолына шықтым. Далада өңменіңнен өтер қатты аяз. Бір кезде факультетіміздің деканы маған жақындап келіп: «Люд, саған не болған. Түріңнен түр жоқ. Мүмкін шәй ішіп, жылынып аларсың?», – деді. Бойымды жылытып алайын деп, басымды изегенім сол еді, декан термостың қақпағын аша салып, шайынан құйып, маған ұсынды. Шай дегені алкоголь екенін сіміргенде бір-ақ білдім. Түкіріп тастау – ұят, жұта салдым. Бес минуттан кейін старт жарияланды. Өзімнің дайындығым да бар, допингтің де әсері болар, нәтижелі өнер көрсетіп, 1968 жыл-

ғы Олимпиадаға жолдама алдым», – деп сырын ашқан екен Людмила.

Болған оқиғаны тыңдап алған Шәкен Айманов рахаттана күліпті де, Воронинаны «Тақиялы періште» фильмінің жобасына қатысушылар тізіміне қосуды ұсыныпты. «Бұл фильмдегі эпизодтық рөл. Бірақ мен қатысқан қысқа көріністің өзі өмірді басқа қырынан сезінуіме ықпал етті. Осы үшін Шәкен Аймановқа айтар алғысым шексіз», – деген Людмила кейінгі жылдары Әмина апасымен де әдемі қарым-қатынаста болыпты. Екеуі кездесіп қалған сайын: «келіңіз болуға мені неге лайық көрмедіңіз?» деп күліп, әзілдеседі екен Людмила Воронина.

Әлім АНАПИЯНОВ.



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«Алматы Су» мекемесі мамандарының айтуларынша, шаһар тұрғындары күніне шамамен 700 текше метр су тұтынады. Ал дамыған елдерде бір адамға шаққандағы су тұтыну көлемі біздегіден әлдеқайда төмен екен. Бұл нені білдіреді? Сараптап көрейік...

А Құралай ЖҰМАДІЛОВА

Тіршілік көзінің тапшылығы әлемдік сипат алуы мүмкін

Су – өмірдің қайнар көзі, тіршіліктің ажырамас бөлігі. Оған барлық тіршілік иелері тәуелді. Бірақ біз судың шексіз қоры бар деп ойласақ, қателесеміз. Демек, «судың да сұрауы бар». Ғаламтор бетіндегі сумен байланысты деректерге көз жүгіртсек, бүгінде жер шары халқының жартысына жуығы су тапшылығын бастан кешіп отыр екен. Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметінше, жер бетінде 780 миллионнан астам адам таза ауызсуға қол жеткізе алмай отырса, ал 1,7 млрд адам тұщы су көздеріне зәру көрінеді. Ал ғалымдар 2040–2050 жылдарға қарай су тапшылығы дағдарысы шын мәнінде әлемдік сипат алуы мүмкін екенін айтуда. Демек, бұл мәселе біздің елімізде де өзекті деген сөз. Ол үшін бізге суды ысырап етпеу керек. «Суға ысырап етпе» деген бұл тек ұран сөздер емес, ол біздің табиғатқа деген қамқорлығымыздың, экономикалық және экологиялық тұрақтылыққа ұмтылысымыздың көрінісі. Су – шексіз ресурс емес, оны үнемдеу – өзіміздің және келешек ұрпақтың амандығы үшін жасалатын ең маңызды қадамдардың бірі. Әрбіріміз өзіміздің өмірімізде, жұмысымызда және қоғамда су ресурстарын ұтымды пайдаланып, оны қорғауға атсалысуымыз қажет. Бұл жолдағы аздаған өзгерістердің өзі үлкен нәтижеге әкелуі мүмкін.

«Суды үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселесі өте өзекті»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су тапшылығы қазіргі заманның жаһандық өзекті мәселесіне айналғанын өзінің жыл сайынғы халыққа Жолдауында ерекше атап өтті. Бұл тақырып жақында, 28 қаңтар күні өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында да талқыға түсті. Келелі жиында сөз бастаған Президент қазір дүние жүзі түбегейлі өзгеріске ұшырап жатқанын айта келе, жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшу қажет екенін былайша тұжырымдады: «Біз қоғамда ресурстарды үнемдеп пайдалану мәдениетін қалыптастыру маңызды екенін талай жылдан бері айтып келеміз. Бірақ азаматтарға үндеу тастау жеткіліксіз. Бұдан бөлек, ресурстарды тұтынудың әлеуметтік нормаларын енгізу қажет. Үлгі етуге болатын жақсы мысалдар бар.

Мысалы, дәл осындай ұстаным ай сайын суды сегіз пайызға жуық үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл – аса маңызды. Себебі, Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда су тапшылығы күшейіп тұр. Сондықтан суды үнемдейтін технологияларды пайдалану мәселесі өте өзекті». Үкіметке суды үнемдеу технологиясын жетілдіру үшін көрші мемлекеттермен тәжірибе алмасуға болатынын аманаттаған Президент көрші Қытай елінде әлемдік деңгейдегі озық технологиялар бар екенін тілге тиек етті. «Олар тәжірибесін бөлісуге дайын. Бірақ біздің жақ – құлықсыз, оның үстіне батыл шешімдер жоқ. Үкіметке осы шаруамен белсенді айналысып, 1 маусымға қарай жұмыс барысы туралы есеп беруді тапсырамын» деді.

Бұл Қазақстандағы су тапшылығын азайтуға, ауыл шаруашылығы мен тұрмыстық мақсаттағы суды тиімді пайдалануға бағытталған тапсырмалар. Су ресурстары және ирригация министрлігі 2024–2026 жылдарға арналған су үнемдеудің Жол картасын әзірледі. Қазіргі таңда суды үнемдеу технологияларына көшу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Табиғат берген сый

Статистикалық деректерге жүгінсек, Алматы тұрғындары күніне шамамен, 700 текше метр су тұтынады екен. Ал оны жерүсті немесе жерасты көздерінен алып, тазалап, өңдеп тұтынушыларға уақытысында қажетті мөлшерде жеткізумен «Алматы Су» МКК айналысады. 90 жылдан астам тарихы бар мекеме бүгінде Алматыны ғана емес, сонымен қатар мегаполиске іргелес елдімекендерді де таза сумен қамтып



СУ – ШЕКСІЗ РЕСУРС ЕМЕС

Оны үнемдеу – келешек үшін жасалатын маңызды қадам

отыр. Бүгінде қаланың орталықтандырылған су жүйесіне 2 миллионнан астам тұрғын қосылған. Алматылықтар тұтынатын судың 30%-ы Алатаудан бастау алатын Үлкен және Кіші Алматы, «Қарғалы», «Ақсай» сияқты тау өзендерінен, ал қалған 70%-ы тереңдігі 150 метрден 500 метрге дейінгі ұңғымалардан алынады. Әлбетте, біз тұтынып жүрген су бірден үйге келмейді. Ұңғымалардан алынған су алдымен тұндырылып, сүзудің бірнеше күрделі сатысынан өтеді. Одан әрі натрий гипохлоритімен, яғни қарапайым түзбен зарарсыздандырылады. Ал химиялық құрамы бойынша Алматының ауызсуында адам ағзасына өте қажетті табиғи микроэлементтер жетерлік. Тиісінше ағзаға кері әсер ететін ауыр металдар, фенолдар және мұнай өнімдері жоқ.

Бір сөзбен айтқанда, алматылықтар бактериологиялық және химиялық көрсеткіштер бойынша қауіпсіз деп танылған таза су тұтынады. Өндірістік зертханада су сапасына арнайы мамандар тәулік бойы бақылау жүргізеді. Халықты үздіксіз, сапалы ауызсумен, кәріз жүйесі қызметімен қамтамасыз етіп отырған мекемеде өз ісін жетік меңгерген, кәсіби мамандар жұмыс істейді.

• Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Алматы қаласы әкімдігі 2023 жылы жанадан 117 шақырым сумен қамту желісін салып, 46 шақырым су құбырын жаңғырту жұмыстарын жүргізген.
• Бұл шаралар Алматы халқының 99,3%-ын сумен қамтитын орталық желіге қосуға мүмкіндік берді. 2024 жылы тағы 142 шақырым су құбырын тартып, 48 шақырым желіге жөндеу жұмыстары жүргізілді.
• Мұның өзі жыл соңына дейін тұрғындардың 99,6%-ына су жеткізіп, желілердің тозу деңгейін 53,8 пайызға дейін төмендетуге септігін тигізбек.

Қалада тариф қанша?

«Алматы Су» МКК мамандарының мәліметінше, «Инвестицияларға айырбастау тарифі» жаңа тарифтік саясаты шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларына өзгерістер енгізілген. Онда 249-1-тармаққа сәйкес 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап халық үшін тұтыну көлемі бойынша суық суға сараланған тарифтер өзгерген болатын.

2025 жылдың 1 ақпанынан бастап Алматыда сумен жабдықтау және су бұру тарифтері тағы да өсті. Бұл соңғы алты айдағы екінші өсім. Егер 2024 жылдың қыркүйегінде базалық тариф текше метріне 73,92 теңге болса, 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап ол 103 теңгеге дейін көтеріледі. Мамандардың айтуынша, суды тұтыну бағасы көлеміне және тіркелген тұрғын-

дардың санына байланысты есептеледі. Ең төменгі көлемді (бір адамға 3 текше метрге дейін) пайдаланатындар базалық мөлшерлемені төлейді. Тұтыну артқан сайын текше метрдің құны да артады. Ең жоғары тариф жеке есепке алу аспаптары жоқтар үшін қарастырылған. Егер бір адам айына 3 м³-ке дейін су пайдаланса, базалық тариф (103 тг/м³) қолданылады. Ал 3-5 м³ аралығында тұтынса – 123,6 теңге/м³, 5–10 м³ аралығында – 154,49 теңге/м³ болады. Егер 10 м³-ден көп немесе есептеуіш құралдары жоқ болса, ең жоғары тариф – 205,99 теңге/м³ қолданылады. Мәселен, орташа есеппен, Алматыда бір бөлмелі пәтерде тұратын адамдар суық суға айына 500 теңге, кәрізге 200 теңге төлейді. Екі бөлмелі пәтерде бұл сома 800 теңге, үш бөлмеліде 1000 теңге шамасында болады. Мамандардың айтуынша, бұл қаражаттың бір бөлігі су инфрақұрылымын жаңғыртуға, ресурсты үнемдеу технологияларын енгізуге және желілерді жөндеуге бағытталады.

Қадірін білмей, ысырапқа жол береміз

Бүгінде ешкім тіршілік нәрінен тапшылық көріп отырған жоқ. Барлығымыздың үйімізде шүмектен су тәулік бойы үздіксіз сарылдап ағып тұр. Бәлкім, содан болар, көпшілігіміз қара судың қадірін білмей, ысырапқа жол береміз, есепсіз пайдаланамыз. Мұндай жағдайларды қоғамдық орындарда да жиі кездестіруге болады. Өзім куә болған бір көріністі айта кетейін. Өткен сенбіде отбасымызбен «Апортқа» киноға бардық. Билетімізді алған соң, қызымыз екеуміз

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Серік ШАҒЫРОВ, «Алматы Су» МКК-нің Өтім жөніндегі департамент директоры:

ҮНЕМДЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ КЕРЕК

Алматыда су тұтыну деңгейі халық санының өсуіне, қаладағы инфрақұрылымның дамуына және су ресурстарына байланысты қалыптасқан. Сондықтан олардың су үнемдеу деңгейі әртүрлі факторларға байланысты. Алматылықтар күніне шамамен, 700 текше метр су тұтынады. Жаз мезгілінде бұл көрсеткіш 800 текше метрге дейін көбейеді. Басқа мемлекеттермен салыстырғанда, бұл өте көп шығын. «Теніздің жағасында тұрсаң да, ысырап етпе, суды үнемде» деген. Міне, осы сөз әр адамның күнделікті өміріне бағыт-бағдар болуы тиіс. Сондықтан ауызсуды өндіру мен оны таратудың қаншама еңбекпен келетінін және оның қанша шығын әкелетінін су саласының мамандары ғана емес, халық та түсінсе дейміз. Қала халқын қара судың қадірін біліп, ауызсуды бау-бақша, құрылыс жұмыстарына пайдаланбауға шақырамын. Егер біз судың әр тамшысына құрметпен қарайтын болсақ, оған төлейтін қаражатымызды үнемдейміз, бұған қоса экологиялық тұрақтылыққа қол жеткіземіз.

Айта кеткен жөн шығар, Алматыда 1 ақпаннан бастап судың бағасы тағы көтерілді. Енді қала тұрғындары үшін суық судың тарифі – 103 теңге/м³, кәріз қызметі (су бұру) – 60,82 теңге/м³-қа өзгерді. Жыл басынан есептеуіш құралы жоқ тұрғындарға тұтыну нормалары өзгеріп, бір айға адам басына 15 м³ су көлемі белгіленген. Ақшалай санаған кезде бір адамға айына 3089 теңгені құрайды. Осы нормалар тұрғындарды есептеуіш құралдарын орнатуға ынталандырмақ. Бұл тарифтер «неғұрлым аз тұтынсаң, соғұрлым аз төлейсің» қағидаты бойынша есептеледі. Енді халық еркін нарыққа бейімдеуге сай төлемдер жасауға көшеді. Суды ұтымды пайдаланудың бірден-бір жолы – үнемдеу мәдениетін қалыптастырудан бастау алады.

қол жуатын бөлмеге кірсек, крандағы суды ағызып қойып, екі бойжеткен айнаға қарап боянып тұр екен. Текке ағып тұрған суды көріп үндеймей тұра алмадым. Сәл жымидым да: «қыздар, су керек болмаса өшіріңдер, обал ғой...» деп ескерту жасадым. Өздерінің қателігін түсінгені шығар, жастар бірден суды тоқтатып, «кешіріңіз, апай, мән бермеппіз» деп жарыса тіл қатты. Демек, біз бір-бірімізге мәдениетті түрде осылай ескерту жасай білсек, көптеген қателікті түзетуімізге болады.

Краннан сарқырап аққан су. Бір қарағанда бұл – қарапайым көрініс. Бірақ сол тамшылар босқа ағуда. Ал біз болсақ, үйде де айна алдында тұрып, шашымызды жөндеп, боянып немесе сақал алып жатамыз. Ойымыз басқа жерде, ал су бекерге кетіп жатыр...

Күнделікті өмірде судың маңыздылығын сезіне бермейміз. Біз үшін оның шүмектен ағуы – қалыпты жағдай. Бірақ осы бір қарапайым сәттің өзінде табиғаттың ең құнды байлығы босқа ысырап болып жатқаны туралы ойландық па? Тереңіне үңілсек, әр тамшының бағасы бар. Әлемнің көптеген елдерінде таза су – аса тапшы ресурс. Миллиондаған адам оған қол жеткізе алмай отыр. Ал біз судың бағасын білмей, шексіз дүниедей көріп, оны ағызып қойып, айна алдында бейнемізге көңіл бөліп тұрамыз. Сіз боянып немесе сақал-мұрттыңызды түзеп тұрған кезде судың үздіксіз ағуынан қаншама литр тіршілік нәрі зая кететінін есептеп көрдіңіз бе?

Шетел тәжірибелері

Әлемнің кейбір мемлекеттерінде, бір тамшы су алтыннан да құнды. Шетелдік тәжірибелерге көз жүгіртсек, оларда суды үнемдеудің тиімді жолдары өте көп. Мәселен, Израиль елі су үнемдеу технологиялары бойынша әлемдік көшбасшы саналады. Бұл елде ағын судың 90%-ы қайта өңделеді, ал халықтың 55%-ы теңіз суын тұщыту арқылы алынған суды тұтынады. Фермерлер тамшылатып суару әдісін кеңінен қолданады, ал мектептер мен қоғамдық ғимараттарда жаңбыр суын жинау және қайта пайдалану жүйелері орнатылған. Сонымен қатар, кәсіпкерлер де суды үнемдеуге үлес қосып, бассейндер мен жуынатын орындардағы суды қайта өңдеу жүйелерін қолданады. Германияда суды үнемдеу үшін еріген қар суын сақтап, жасыл кеңістіктерде пайдалануға арналған жүйелер енгізілген. Мұнда жерасты суларының өзгерісін бақылау және жаңбыр суын тиімді пайдалану мақсатында арнайы жобалар жүзеге асырылады. Неміс ғалымдары әзірлеген жүйелер суды жинауға және топырақта сақтауға мүмкіндік береді. Сингапур су ресурстарын басқаруда заманауи технологияларды қолданады. Елде жаңбыр суын сақтау, тазарту және тұтыну жүйелері кеңінен қолдау тапқан. Сондай-ақ, су тұтынуды азайту үшін халық арасында су үнемдеу мәдениеті мен әдеттерін қалыптастыру мақсатында мемлекеттік бағдарламалар іске асырылады.

Экологиялық міндет және жауапкершілік

Суды үнемдеу – бұл жай ғана экологиялық міндет емес, бұл – өзіміздің жауапкершілігіміз. Ең қарапайым қадам – кранды қажетсіз ашық қалдырмау. Жоғарыда айтқанымыздай, айна алдында ұзақ тұру керек болса, суды ағызып қоюдың орнына, оны жауып, тек керек кезде ғана қолдануға болады. Бұл кішкентай әдет болып көрінгенімен, үлкен өзгеріс әкеледі. Егер әр адам суды үнемдеуді өз өмір салтына енгізсе, біз тұтас бір қаланың, тіпті бүкіл елдің су ресурстарын сақтауға үлес қоса аламыз. Алматылықтар суды үнемдеп жұмсаудың осындай үлгісін көрсетіп жатса, нұр үстіне нұр.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 10 айға – 6134 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 10 айға – 13 156,20 (қала), 8034 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 10 айға – 3934 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЖИЫН

ТЕҢ МҮМКІНДІК

Әрбір бала жайлы және қауіпсіз ортада білім алуы маңызды

Оқушылар сарайында қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен, мектеп басшыларының қатысуымен кеңейтілген жиын өтті.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Жиын барысында әңгіме инклюзивті білім беру және құқықбұзушылықтың алдын алу сияқты өзекті бағдарлар аясында өрбіді, басқа да мәселелер талқыланды. Кездесуде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБК) бар балаларға арналған инклюзивті білім беруді дамыту және осы саладағы мониторинг нәтижелері негізгі тақырып болды. Алғашқы сөз кезегін қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденов алып, жиынның маңыздылығына тоқталды. Оқушылар арасындағы құқық-бұзушылықтың алдын алу шаралары, мектептердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету

және тәрбие жұмысын жетілдіру мәселелері жан-жақты сөз болды.

Кездесу қорытындысы бойынша ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолайлы оқу жағдайларын жасау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзу-шылықтың алдын алу шараларын күшейту және білім беру саласындағы қаржылық тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде нақты ұсыныстар әзірленді. Сондай-ақ, кеңес жұмысына қалалық полиция департаментінің ювеналды полиция өкілдері және басқа да мүдделі құрылымдар қатысты. Қатысушылар инклюзивті білім берудің инфрақұрылымдық, әдістемелік және кадрлық мәселелерін де жан-жақты талқылады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сайран САЙФЕДЕНОВ,
қалалық Білім басқармасының басшысы:

ОҚУШЫЛАР ҮШІН ҚАЖЕТТІ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАЛЫП ЖАТЫР

Мемлекетіміз ерекше білім беруді қажет ететін балаларға барынша қолдау көрсетіп отыр. Арнайы оқу бағдарламалары әзірленді. Бұл – ата-анаға зор көмек қана емес, ерекше баланың емделіп, қажетті дағдыларды игеруіне ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, мұғалімнен басқа, баланың оқу материалын игеруге көмектесетін, психологиялық және әлеуметтік мәселелерді шешетін көмекшісі болады. Қолға алынған шаралар мүмкіндігі шектеулі балаларға өздерін қоғамның толыққанды қатысушылары ретінде сезінуге, дамуға және айналасындағыларға пайдалы болуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беруді дамыту – мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, бүкіл білім беру жүйесіне арналған білім беруді дамыту. Бұл барлығына тең құқықта және тең жағдайда білім алуға мүмкіндік береді.

Сондықтан ерекшелігі бар балаларды қоғамнан бөлектемей, қолдан келгенше қолдаған дұрыс. Қазіргі таңда қала әкімі Ерболат Досаевтың қолдауымен, инклюзивті қала қазидаттарын енгізу аясында, мемлекеттік және жекеменшік білім беру мекемелерінде барлық оқушыларға тең мүмкіндік жасау үшін қажетті жағдайлар жасалып жатыр. Біз әрбір баланы назардан тыс қалдырмауымыз керек. Мектеп – балалардың екінші үйі. Олар жайлы және қауіпсіз ортада білім алып, дамуы қажет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№165 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№168 бөбекжай-балабақшасы» МКҚК меңгерушісі.

Толық ақпаратты aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдар МКҚК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасы «№5 М.Төлебаев атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасы «№7 Құрманғазы атындағы балалар музыкалық мектебі» МКҚК басшысы.

Толық ақпаратты aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы мемлекеттік бизнес колледжі» КМҚК басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Принтмедиа технологиялар колледжі» КМҚК басшысы.

Толық ақпаратты aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының (ПМПК және ППТК) басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алатау ауданының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КМҚК басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы қаласы Алатау ауданының №2 психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясы» КММ басшысы.

Толық ақпаратты aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№1 арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы.

Толық ақпаратты aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

- Алматы қаласы Білім басқармасының «№82 жалпы білім беретін мектеп» КММ басшысы.
- Алматы қаласы Білім басқармасының «№212 мектеп-гимназия» КММ басшысы.

Толық ақпаратты aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

ТӨРТЕМ

ТОҒЫЗЫНШЫ СЫНЫПТА ОҚЫП ЖҮР

Жаратқанның шеберлігі шығар, алматылық жас отбасы Есентай Хаппар мен Назым Хуанғаннның шаңырағына бір сәтте төрт сәби келгенде, таңқалмаған жан жоқ. Өйткені, өмірде егіз бен үшемнің дүниеге келуі кездескенімен, төртемнің сирек екені рас. Ырымшыл халық емеспіз бе, әулеттің үлкендері көздің сұғынан, тілдің ұшынан сақтанып, әбден жетіліп, көзін ашты-ау дегенде бір-ақ жұртты құлағдар етеді. Сол сәттің күәсі де, алғашқы болып сүйіншілеген де біздің «Ақшам» еді. Ақжолтай хабар жерде қалсын ба, халықтың санына үлес қосып, төрт бірдей перзент сыйлаған жас отбасыға сол жолы қалалық әкімшілік те қолдау білдіріп, үш бөлмелі пәтер кілтін сыйлады. Осынау шаңырақта «төртемнен» кейін де екі қыз, бір ұл дүниеге келді. Осыдан дәл тоғыз жыл бұрын біз «Төртем» мектепке барды» деп жазсақ, сол төртем қазір 9-сыныпта оқып жүр.

Рая
ЕСКЕНДІР

бөлмеде қонақ күту қамына кірісіп кеткен. Біз «Алтын алқа» иесі мен төртемді әңгімеге тарттық.

Назым ХУАНҒАН,
төртемнің анасы:

МЕН БАҚЫТТЫ
АНАМЫН

Қазір қыздарым өзіме құрбы әрі сырласымдай болып кетті. Үй жұмыстарын да ұршықша үйіреді. Кезінде дүниеге төртем келгенде, әрине, қатты қуандық. Іштей уайымның да болғаны рас. Бірақ қыз бала деген жақсы ғой. Соны ойлағанда, оның үстіне қыз балалардың өскен соң ата-анасына көмекші екеніне іштей шүкіршілік ететінмін. Олар 2010 жылдың 9 наурызында дүниеге келді. Салмақтары да әрқилы әрі өте нәзік болды. Қызылшақа кезінде ешкім бір-бірінен ажырата алмайтын. Кішкентай кезінен-ақ сондай тату болды. Үнемі бірге ойнап, бірінің артынан бірі жүретін. Қазір есейді. Бір-бірімен сырласады. Төртемнің ортасы да әртүрлі. Бірдей киінгенді ұнатпайды. Ертеректе мен жакта да, күйеуімнің жағында да үшем де, төртем де болған



Төртемнің ата-анасы Есентай мен Назым спортты серік еткен жандар.

көрінеді. Қазір туыстарымызда егіздер бар. Көбі менен «төртемді өсіру қиын болды ма?» деп жиі сұрап жатады. Әрине, қай кезде де баланы өмірге әкеліп, өсіру оңай болған емес. Дегенмен, өскен сайын әр баланың өзіндік қиындығы болады екен. Оның үстіне бұлардың жасында, өтпелі кезеңде тіл табысу да оңай емес. Сондықтан олармен жеке-жеке сөйлесемін. Бірге отырғызып қойып, ақыл-кеңес айтам. Төртемнен кейін 2011 жылы Наргиза есімді қызым өмірге келді. Әпкелеріндей емес. Өте пысық, үй шаруасын да, төрт әпкесін де өзі «басқарады». Содан кейінгі 2016 жылғы қызымның аты – Іңкәр, әнді жақсы айтады. Өнерге жақын болып өсіп келеді.

Ал 2019 жылы дүниеге көптен күткен ұлымыз Нартай келді. Кезінде анам «Аллаға шүкір, көзге көрінген соң, аманы жақсы. Ертең-ақ жүгіріп кетеді. Баланың өскені

білінбей қалады. Қазір көрген қиындығын әлі-ақ ұмыт болады. Шыда, шыда» деп отыратын. Анам маған көп көмектесті. Үлкен қолдау білдіріп, бір жағыма шығысты. Өзиз анам осыдан екі ай бұрын дүние салды. Десек те, ата-анамның арқасында маған аса салмақ түспеген сыңайлы.

Иә, қыз бала дегеніңіз өте бауырмал ғой. Кішкентай кездерінде аулада ойнап жүріп, басқа балалармен шекісіп қалса, төртеуі бірдей жабылып кететін. Біріне-бірі серік, қорған болып өсті. Қиындық болмады деп айтпаймын. Қиналдым, сәбиімнің біреуі жыласа, екіншісі оның даусын естіп-ақ жылай бастайтын. Біреуін ұйықтатсаң, келесі біреуі оянып кетеді. Дегенмен, оңай болмады. Мен қазір бақытты анамын. Қиындықтар артта қалды. Маған осылардың амандығынан басқа ештеңе керек емес. Тек осылардың қуанышын көрсек дейміз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

НҰРАЙША:

– Болашақта мен де дәрігер болғым келеді. Алдыма мақсат қойып, медициналық оқу орнын таңдап отырмын. Адам жанының арашашысы болсам деймін. Кішкентай кезімде-ақ халат киген кісілерді көрсем болды, жылап, қатты қорқатынмын.

Қазір қызыға қарайтын болдым. Бірнеше мәрте ғылыми жоба жарысына қатыстым. Бекайша екеуіміз мамандық таңдау жағынан таңдауымыз бірдей болғанмен, талғамымыз әртүрлі. Біз бірдей киім кимейміз. Достарымыз да басқа. Бұрын мұғалімдер бізді жиі шатастыратын. Қазір бізді бірден айыратын болған, әбден танып алды.

БЕКАЙША:

– Көбіне кино көргенді ұнатамын. Маған әсіресе, шым-шытырыққа толы, фантастикалық фильмдер ұнайды. Маған химия-биология пәндері ұнайды. Болашақта дәрігер болғым келеді. Біз жалпы, төртеуіміз бір сыныпта оқимыз. Бұрын бассейнге, сосын домбыра үйірмесіне бардық. Қолымыз қалт етсе, кітап оқимыз.



ЖАНАЙША:

– Мен өскенде суретші боламын. Менің өз әлемім бар. Бала күнімде түрлі-түсті бояу қарындаштармен сурет салған қатты ұнайтын. Сосын, қаламның ұшынан қалай бояу шығады деп қатты таңқалушы едім.

Әлде бұл сиқырлы қалам ба, әдемі реңді қалай береді екен деп таңқалатынмын. Қазір бояудың, сурет өнерінің түрлі құпиясын меңгере бастағандаймын.

ГҮЛАЙША:

– Менің қатты қуанатыным – ата-анамыз біздің таңдауымызға түсіністікпен қарайды, қолдайды. Өздерің қалаған мамандықты қана игеріңдер деп отырады. Мәселен, менің таңдауым аспаздық мамандығы. Кондитер-аспаз боламын. Қолым босағанда кино көргенді ұнатамын. Аптасына кезек-кезек үй жинаймыз. Әрқайсымыздың бөліп алған өз жұмысымыз бар. Бұрын төртем екенімізді естігенде, бәрі таңқалатын. Қазір көптің көзі үйреніп кетті. Өйткені, біз бір-бірімізге ұқсамаймыз.

